



15 мамыр, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

«КӨПЖЫЛДЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙМЫЗ»

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге жұмыс сапарымен келген Дүниежүзілік банктің Еуропа және Орталық Азия өңірі бойынша вице-президенті Анна Бьердемен видео-конференция арқылы кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Анна Бьерде Қазақстан мен Дүниежүзілік банк арасындағы ынтымақтастықтың өзекті бағыттарын және алдағы уақыттағы кооперацияның басымдықтарын талқылады.

Мемлекет басшысы Нұр-Сұлтан қаласына келген Анна Бьердеге ілтипат білдіріп, бұл оның Қазақстан мен Орталық Азияға жасаған алғашқы сапары екенін атап өтті.

2-бет

ФИНЛЯНДИЯ — ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ ІРІ ИНВЕТОРЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан қаласына жұмыс сапарымен келген Финляндияның Сыртқы сауда және халықаралық дамуды қолдау министрі, Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның тең төрағасы Вилле Скиннариді қабылдады.

Мемлекет басшысы министрге ілтипат білдіріп, Қазақстанның сыртқы саясатында Суомидің маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

— Финляндия Солтүстік Еуропа елдері арасындағы Қазақстанның ең ірі инвесторы. Біз достас екі елдің белсенді әрі жан-жақты ынтымақтастығын жоғары бағалаймыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысы жоғары деңгейдегі тұрақты саяси диалогты қолдау қажет екеніне назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев Финляндия Президенті Саули Ниинистеге жүрекжарды сөлемін жолдап, оны Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

2-бет

ЖЕР САТЫЛМАЙДЫ

Қалың қазақты толғандырған мәселеге Президент нүкте қойды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды. Осылайша, қазақ қоғамын жылдар бойы толғандырған жер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

Қазақстан Президенті жер мәселесі мен ел мәселесінің, яғни өзі айтқан «Халық үнінен құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасымен өзектес екендігін тағы бір мәрте аңғартты. Мемлекетшілдік саясатының бірізділікпен жүзеге асатынын, оның нәтижесі халықтың ойымен қашанда үндесетінін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қа-

● ЕКПЕ АЛ!

ВАКЦИНА: КҮДІКТІ СЕНІМ ЕҢСЕРІП КЕЛЕДІ



Адамзат баласының коронавирус инфекциясымен күрескеніне жылдан асқаны белгілі. Осы орайда қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты індетке қарсы вакциналарды медициналық қолдануға жедел жіберу туралы шешімдер әлемнің көптеген реттеуші органдарында қабылданды. Өйткені вакциналау – ауруды ауыздықтаудың, онымен күресудің ең тиімді әдісі және ұжымдық иммунитетті қалыптастырудың сенімді жолы. Бұл ретте, вакциналарды қолдануға рұқсат етудің қысқа мерзіміне қарамастан, олардың сапасы мен қауіпсіздігін тексеру мұқият және барлық талаптарды сақтай отырып жүргізіледі. Осылайша аталған вирусқа қарсы екпе егу жұмысы басталып кетті. Біздің елімізде, соның ішінде аймақта бұл жұмыс биылғы ақпан айынан бастап қолға алынды.

Сб Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мәліметі бойынша бүгінде өңірде 19 емдеу сауықтыру мекемесінде екпе жұмыстары жүргізілуде, екпе кабинеттері демалыс және мереке күндері де жұмыс істейді. Сауір айынан бастап коронавирус инфекциясына қарсы егілуге ниет білдірушілер «eGov» порталы арқылы тіркелуге мүмкіндік алды. Бүгінде екпе салдырғандар саны 74 мыңнан асады.

Екпе егу науқаны басталғанда ресейлік «Спутник V» вакцинасын салдық. Жақында елімізде өндірілген «QazVac» және қытайлық «Hayat-Vax» вакцинасы жеткізілді. Қазіргі уақытта облыс көлемінде үш вакцина қолданылуда.

2-бет

● БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ

ШАРАЛАР ОНЛАЙН ФОРМАТТА ӨТЕДІ

Халықаралық отбасы күніне орай облыстық іс-шаралар жоспары бекітілді. Мерекеге орай «Менің тату отбасым» тақырыбында бейнеролик байқауы, «Жеті ата» атты жастар арасында челлендж, «Менің отбасым» тақырыбында фотокөрме, «Ер бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» атты семинар ұйымдастырылады. Шаралар карантин талабына сәйкес онлайн форматта өткізіледі. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды. Ал кеше Жастар орталығында «Жас отау» клубы ашылды.

— Аты айтып тұрғандай, бұл — жас отбасыларға арналған клуб. Статистикаға сүйенсек, ажырасудың көпшілігі некеге үш жылдың көлемінде тұрғандар арасында болады. Клубта кеңес беріліп, шаңырақ шайқалмау үшін мәмілеге келтірмек, — деді әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Қаламқас Кәрімова.

Бүгінгі таңда облыста 141 мыңнан аса отбасы бар. Оның 40014-і — көпбалалы отбасы. «Алтыналқа» иегері—4374, «Құміс алқа» иегері — 9781. Он мыңнан астам отбасы атаулы әлеуметтік

көмек алады. Көпшілікке үлгі болып, ұрпақ өрбітіп, қоғамның дамуына үлес қосып жүрген отбасыларды насихаттау мақсатында жыл сайын дәстүрлі түрде «Мерейлі отбасы» байқауы ұйымдастырылып келеді. Аталған байқаудың аудандық және қалалық кезеңі 15 мамыр мен 15 маусым аралығында өткізіледі. Ал облыстық кезеңі 1-15 шілде аралығына жоспарланған. Облыста үздік атанғандар қыркүйек айында Отбасы күніне орай ұйымдастырылатын республикалық кезеңге қатысады.

«СБ» ақпарат

● ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП



Онлайн оқу жылы: Балаңыздан не байқадыңыз?

Онлайн басталған оқу жылы дәл солай аяқталмақ. Карантин күн тәртібін көп өзгертті. Оқу жүйесін айтапғанда, біраз баланың денсаулық жайы алаңдатып тұр. Қаланың кішкентай тұрғындарына анықтап қараңызшы, көбінің салмағы артқан. Томпаңдап әрең жүгіреді. Алыстағыға көзі жетпей, отырғанда еңкейіп, жүргенде бүкірейетін балақайлар көбейді ме деген қауіп бар.

Сб Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Бұл — біздің болжам. Сондықтан ресми статистиканы білу үшін облыстық балалар ауруханасына хабарластық. Мамандар толық бала көбейгенін жоққа шығармады. 2019 бен 2020 жылды салыстырғанда семіздікке шалдыққандар саны 25 процентке артқан.

Дәрігерлер семіздіктің неден пайда болатынын да түсіндіріп берді. Бірінші себеп, эндокринологиялық аурулардан пайда болса, екіншісі — дұрыс тамақтанбаудан. Кейінгі екі жылда эндокринологиялық аурулар бойынша көрсеткіш бір деңгейде. Демек, олардың шектен тыс семуіре жеген ас, ішкен сусынына байланысты болып отыр. Қазір бала балмұздақ, фри мен гамбургер алам десе, қолын қақпайтындар көп. Бірақ тез қуанып, тез тойдыратын тәтті тоқаш, газдалған сусын, печенье мен полуфабрикаттар кейін ұзақ күресетін ауруға әкелуі мүмкін. «Қиындықты қолдан жасамаудың» жолы қарапайым. Дәрігерлер балаға қайнатылған, бұқтырылған тағам беруді, рационға бидай, сұлы жармасын, жұмыртқа, көкөніс пен жеміс-жидекті молынан қосуды ұсынады.

ЖАНАРҒА ҚАЛАЙ ЖҮК ТҮСТІ?

«Аспанға қарап, түнде жұлдыз санайтынбыз. Арасында бір көрінетін ұшаққа қол созып,

желмен жарысып жүгіретінбіз». Үлкендер балалық шағын осылай еске алады. Қазір қалада жарық көп болғасын ба, жұлдыздар да анық көрінбейді, балалар да ол жаққа қарай қоймайды. Көкжиектегі сағымды қуатындар да жоқ. Есесіне бар назары — телефонда. Ал, дәрігерлер алысқа көп қарамаған баланың жанары өздігінен нашарлай беретінін айтты.

Карантин өткен жылы басталғанын ескерсек, аймақта 2019 жылы 14869 баладан көз ауруы анықталған. 2020 жылғы көрсеткіш бойынша 12 мыңға жуық. Оның ішінде Арал, Қармақшы, Жалағаш аудандары, Байқоңыр қаласында өсіпті. Ресми дерек бойынша көз ауруы азаймаса, көбеймеген.

Нақты мәліметті алмас бұрын жағдайды білмек үшін жеке офтальмология орталықтарына да бардық. Облыс орталығындағы «Шырақ» клиникасы келушілер санының көптігінен әрі отаға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқандықтан, бұл аптада балалар окулисінің мүлде бос уақыты жоғын айтты.

Ал «Мегаоптика» орталығының балалар окулисі Әйгерім Ақышбаева карантиннен бері оқушылардың жиі келетінін, оңуіне 20-30 баланы қарайтынын жеткізді. Дәрігер мұның ең басты себебі балалардың күн тәртібінің өзгеруінен дейді.

4-бет

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



15 МАМЫР

• 1992 жылы Ташкентте Қазақстан, Армения, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан мемлекеттері арасында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қол қойылды.

• 1992 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы мен Атом энергетикасы жөніндегі агенттігі құрылды.

• 1999 жылы Қазақстан Республикасында Үкімет құрамына кірмейтін, орталық атқарушы орган — Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі құрылды.

• 2015 жылы қазақстандық әскери қызметшілер 3D-құрылғылар арқылы әскери техниканың толық үлгісі мен оның құрамдас бөлшектерін жасауға кірісті.

• 2018 жылы «Бұрабай Даму» визит-орталығында Бұрабай тарихы музейі ашылды. Ол 3 залдан тұрады: тарих залы, этнография залы және Бұрабайды зерттеушілер залы.

• 2019 жылы Парижде Халықаралық Түркі академиясының «Ұлы дала: мәдени мұра және әлем тарихындағы ролі» атты форумы басталды. Жиында түркі тілдес елдердің тарихында айрықша орын бар Алтын орда мен Моғолстанның құрылуына ықпал еткен Талас құрылтайының 750, Жүсіп Бәласағұнның «Құтты білік» шығармасының жазылуының 950, ақын Имамеддин Насимидің 650 жылдығы секілді айтулы тарихи оқиғалар талқыланды.

16 МАМЫР

• 2007 жылы Алматыдағы Көктөбеде британдық белгілі «Биглз» тобына ескерткіш орнатылды.

2011 жылы Голландияның Девентер қаласында Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Discover Kazakhstan» атты фестивалі болып өтті.

2012 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арнап шығарылған 10 000 теңгелік қазақстандық естелік банкнотасы Халықаралық банкноталар бірлестігі (IBNS) өткізген байқау қорытындылары бойынша «2011 жылдың үздік банкнотасы» атанды.

2014 жылы Алматыда КСРО-ның Халық артисі, аты аңызға айналған дирижер әрі орындаушы Нұрғиса Тілендиевтің 90 жылдығының қарсаңында оның 19 жыл тұрған пәтер-мұражайы ашылды.

2019 жылы Алматы қаласында танымал қазақ режиссері Шәкен Аймановтың мүсіні ашылды. Мүсін қоладан соғылған. Авторы — мүсінші Нұрлан Далбай.

17 МАМЫР

• 2012 жылы елордадағы Сәкен Сейфуллин атындағы мұражай жаңа экспонатпен толықты. Халық композиторы Ақан серінің кесесі жұрт назарына ұсынылды. Ол сол кезде дейін дәрігер Абай Байтеғежиннің жеке мұрағатында сақталған. XX ғасырдың басында шығарылған фарфор бұйымы осы күнге дейін жақсы сақталған.

• 2017 жылы Астанада «Рухани жаңғыру» бағдарламасының құрамдас бөлігі «Туған жер» бағдарламасының сараптамалық кеңесінің алғашқы отырысы өтті.

• 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Дүниежүзілік сауда орталығының қапсуласын салу рәсімі өтті, оның мақсаты — жұмыс орындарын құру, сауда және инвестиция тарту үшін жаңа мүмкіндіктер жасау.

● ОҚИҒАДАН ТУҒАН ОЙ

Айналайын, абайла!

Апта басында Қазан қаласында болған оқиға әлемді кезекті рет дүр сілкіндірді. 19 жастағы Ильназ Галиев өз оқыған мектептің 8А сыныбына басып кіріп, оқ жаудырған. Қанішердің қолынан 9 адам қаза тауып, 22 адам (18-і оқушы) жарақаттанды. 6 бала қазір жансақтау бөлімінде жатыр.

Сб Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

4-бет





ФИНЛЯНДИЯ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ ІРІ ИНВЕТОРЫ

Вилле Скиннари Қасым-Жомарт Токаевқа кездесуге мүмкіндік жасағаны үшін алғыс айтып, пандемия басталғаннан бергі алғашқы ресми сапарын Қазақстаннан бастағанын атап өтті.

Ол Мемлекет басшысына Финляндия Президентінің сәлемін жеткізді.

– Біздің елдеріміз арасындағы екіжақты қарым-қатынас өте жақсы. Финляндияның тәуелсіздік алғанына 100 жылдан асты, ал Қазақстанға – 30 жыл. Пандемия аяқталғаннан кейін екіжақты байланыстарды дамытудың

1-бет

жаңа кезеңі басталатынына сенімдіміз. Саяси диалогты тереңдетуде Қазақстан мен Финляндияның әлеуеті зор. Әсіресе, өзара сауда-саттықты дамыту және инвестиция тарту маңызды, – деді Финляндия министрі.

Қасым-Жомарт Токаев бірлескен жобаларды жүзеге асыруда, әсіресе, жасыл технологиялар мен телекоммуникация салаларына басымдық берілетінін жеткізді.

Президент шетелдік инвесторлар мен фин технологиясын трансферттеуге біздің еліміздің ерекше жеңілдіктер

жасауға дайын екенін атап өтті.

Вилле Скиннари Еуропалық одақ аясындағы ықпалдастықтың перспективалары жақсы екенін жеткізіп, климаттың өзгеруіне қарсы күресте қабылданып жатқан шараларды және экологиялық мәселелерді шешу, ауыл шаруашылығы, азық-түлік секторын дамыту, цифрландыру, киберқауіпсіздік жөніндегі жоспарларды қолдайтынын айтты. Фин тарапы аталған салалар бойынша ықпалдастық орнатуға дайын.

Осы орайда сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық

комиссияның және оның энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы, білім салалары бойынша төрт жұмыс тобының қызметін жандандыру маңызды екені атап өтілді.

Әңгімелесу барысында өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қозғалды. Атап айтқанда, ресми көмек көрсетуді дамыту аясындағы кооперацияның, сондай-ақ, Орталық Азияның экологиялық мәселелерін шешудің және Ауғанстандағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты күшейтудің әлеуеті мол екені айтылды.

«КӨПЖЫЛДЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙМЫЗ»

– Біз Дүниежүзілік банкпен арадағы көпжылдық серіктестікті жоғары бағалаймыз. Осы уақыт аралығында банк елімізге 6 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. Қазіргі таңда сіздермен бірлесіп, әртүрлі 12 жобаны, атап айтқанда, көлік, білім беру, экология және қаржы салаларындағы бастамаларды жүзеге асырып жатырмыз, – деді Қасым-Жомарт Токаев.

Мемлекет басшысы Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы бірқатар экологиялық мәселені шешуге үлес қосқанын, соның ішінде, «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу» жобасының екінші кезеңіне 1,5 миллион доллар көлемінде қаржылай қолдау көрсеткенін айтты.

Осы ретте Қасым-Жомарт Токаев экологиялық проблемалардың шешілуіне баса мән беретінін, «жасыл экономика» мәселелеріне және аталған саладағы ықпалдастықты жеке бақылауына алуға дайын екенін жеткізді.

Анна Бьерде Қасым-Жомарт Токаевқа кездесуге мүмкіндік жасағаны және Дүниежүзілік банкпен арадағы ынтымақтастықты жоғары бағалағаны үшін ризашылығын білдірді. Сонымен қатар ол елімізде Қазақстан Президентінің басшылығымен жүзеге асырылып жатқан реформаларды қолдайтынын айтты.

1-бет

● ЕКПЕ АЛ!

ВАКЦИНА: КҮДІКТІ СЕНІМ ЕҢСЕРІП КЕЛЕДІ

Осы орайда тұрғындар арасында аздап түсінбеушілік болғаны белгілі. Оның үстіне әлеуметтік желілерде вакциналарға қатысты түрлі қарама-қайшы пікірлер де орын алып, халық ол ақпараттардың қайсысы шын, қайсысы жалған екенін ажырата алмай дал болды. Бұл өз кезегінде сенімсіздік тудырып, вакцинаға күмәнмен қарауға жетелеген сөзсіз. Тіпті «екпе салдыру беделсіздік пен белсіздікке алып келеді екен» деген қауесет тарады. Алайда мамандар негізсіз ақпараттарға сенбеу керектігін айтады.

– Вакцина – бұған дейін қаншама жыл бұрын түрлі жұқпалы індеттердің таралуына жол бермеу мақсатында ойлап шығарылып, қолданысқа енгізілген, өзінің тиімділігін дәлелдеген бірден-бір әдіс. Екпенің арқасында шешек, тырсысқақ, وبا, қызылша секілді көптеген қауіпті кеселдің жолы кесілгені белгілі. Қазіргі жағдай да көпшілікке аян. Коронавирус індетінен әлемде қаншама адам құрбан болып жатыр. Сондықтан ғалымдар шұғыл іске кірісіп, вакциналарды шығаруда. Әрине, бұл асығыс, зерттелмей шығарыла салды дегенді білдірмейді. Белгілі бір кезеңдерден тұратын сынақтардан өткен соң ғана қолданысқа енгізіліп отырғанын жақсы білеміз, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті аса қауіпті жұқпалы инфекцияларды және туберкулезді эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы Жанар Жетігенова.

«Спутник V» немесе «Гам-КовидВак» вакцинасын Ресей Федерациясының Н.Гамалей атындағы эпидемиология және микробиология ғылыми-зерттеу орталығы дайындаған. Ол векторлы вакцина, адамның аденовирус векторы негізінде әзірленген. Қарапайым тілмен айтқанда, өте шағын бөліктер арқылы ағзада вирусқа қарсы антиденелер қалыптастырады.

Вакцина -18 және одан төмен температурада, мұз түрінде сақталады. Екі компонентті, 2 компонент арасындағы интервал 45 күн.

Ал Qaz Covid-in (QazVac) – QAZVAC вакцинасы – ҚР Білім және ғылым министрлігінің Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты әзірлеген COVID-19-ға қарсы вакцина.

Инактивацияланған вакцина технологияның көмегімен вирус организмде қорғаныс антиденелерін түзу қабілетін сақтай отырып, белсенділігі жо-

1-бет

йылады. +2-ден +8°C-қа дейінгі температурада сақталады, мұздалатып қатыруға болмайды. Жеңіл қабылданады. Екі компонентті, 2 компонент арасындағы интервал 21 күн, 1 дозалық ампулада.

Бұл вакцина жөнінде де көпшілік арасында «толық зерттеліп бітпей жатып қолданысқа ұсынылуда» дегенді желеу етіп, оның тиімділігіне күмән келтіретін пікірлерді таратушылар бар. Мамандардың мәлімдеуінше, отандық вакцина ғана емес, әлемде қолданысқа енгізіліп үлгерген вакцинаның бәрі де клиникалық сынақтың 3-кезеңінен әлі толық өтпеген. Бірақ әр мемлекеттің берген уақытша тіркеуі негізінде бірнешеуіне өндіріске рұқсат берілген. Өйткені жоғарыда айтып өткеніміздей, вакциналау ғана пандемияның алдын алады. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы орын алып отырған қауіпті-қатерге қарай клиникалық кезеңнің 2-сатысынан сәтті өткен вакциналарды егуге ұсыным беріп отыр.

Инструкциясына сәйкес, екі вакцина да тиімді деп саналады, – деп атап өтті ол.

Қаладағы ірі медициналық мекеменің бірі №3 емхананың эпидемиолог дәрігері Гүлнұр Илиясова тұрғындар тарапынан вакцинаға қатысты сұрақтардың көптеп қойылатынын айтады. Әсіресе, ресейлік вакцина мен қазақстандық өнімнің айырмашылығы мен тиімділігі жөнінде жиі сұрайды екен.

– Біздің емхана ақпан айынан бері екпе жұмыстарын жүргізуде. Сол күннен бастап күні бүгінге дейін 7745 доза вакцина салынды. Оның ішінде 7070-і Спутник V, 500-і Науат-Vax, 175-і Qazvac вакцинасы. Осы орайда тұрғындар тарапынан түрлі сұрақтар қойылады. Вакцинаның бір-бірінен айырмашылығы, денсаулыққа әсері жайында жиі

сұрайды. Сондықтан қолданыстағы вакциналар туралы материалдарды көбірек оқып, соңғы ақпараттарды жіберіп алмауға тырысамын, – деді ол.

– Жуырда «Егемен Қазақстан» басылымынан отандық вакцинаның әзірлеуші ғалымдар тобының жетекшісі, Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұлу Закарьяның сұхбатын оқыдым. Онда Qaz-Vax вакцинасының қалай жасалғаны туралы егжей-тегжейлі баяндалыпты. Вакцинаның клиникалық кезеңнің екінші сатысынан сәтті өткені, үшінші сатысының 50 процентке аяқталып болғаны, осыдан кейін барып қолдануға ұсыным берілгені айтылған. Сондай-ақ, вакцинаны клиникалық сынақтан өткізуде вакцинамен қатар кейбір еріктілерге плацебо, яғни, дәрілік қасиеті жоқ препарат та салынғаны белгілі болды. Оның себебін ғалым былайша түсіндіреді: «Біз зерттеулерді GCP (Good Clinical Practice – тиісті клиникалық практика) халықаралық стандарты бойынша жүргіземіз. Оның талаптарына, сондай-ақ ДДҰ ұсынымдарына сәйкес вакцинаға, яғни, адам денсаулығына қатысты медициналық зерттеулер жасырын жүргізілуі тиіс. Еріктілердің бір тобы жай ғана физрастворды, ал екіншісі сынақтан өткізіліп жатқан вакцинаны алады және сол еріктілердің ешбірі қайсысын алғанын білмеуі керек. Қазіргі таңда дайындалып жатқан барлық вакцина осы әдіспен зерттеледі. Бұл – бәріне ортақ талап.

Клиникалық сынақтың бірінші кезеңінде қауіпсіздікті бақыладық, сонда біз оған толығымен дені сау еріктілерді ғана таңдап алдық. Ал екінші кезеңде тек вакциналауға болмайтын топтарға ектік. Соңғы үшінші кезеңде ешқандай шектеу болмады, даладан кім келсе, соның

бәрін ерікті ретінде қабылдадық. Оның ішінде АҚТҚ (ВИЧ) инфекциясын жұқтырған 3 адам болды. Оларға вакцина салдыруға болмайтынын айтсақ та, тірсігіп тұрып алды. Тағы бір қызық жайт, 10 жылдай бала көтере алмай жүрген әйелдер вакцинадан кейін жүкті болды».

Ғалымның осы сұхбатынан-ақ вакцинаның қаншалықты қауіпсіз екенін білуге болады, сонымен бірге көпшілік жиі айтып жүрген «вакцина беделсіздік, белсіздікке әкеледі» деген негізсіз сөзге де нүкте қойылатын сияқты деп ойлаймын, – дейді Гүлнұр Илиясова.

Елімізде коронавируска қарсы қолданыла бастаған үшінші вакцина ол – қытайлық Sinopharm технологиясымен өндірілген араб вакцинасы Науат-Vax. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің мәліметінше, Науат-Vax (SARS-CoV-2, Vero Cell) бұл – белсенділігі жойылған коронавирустық инфекцияға қарсы вакцина. Біріккен Араб Әмірліктерінің (БАӘ) Рас-Аль-Хайма қаласындағы Juhphar фармацевтикалық өндірісінде шығарылған. Науат Вах вакцинасын БАӘ денсаулық сақтау және алдын алу министрлігі 2020 жылдың 9 желтоқсанында тіркелді, содан кейін Қытайда 2020 жылы 30 желтоқсанда тіркелді. Ресми мәліметке сүйенсек, әлемнің 34 мемлекетіне бұл вакцинаның 50 миллионнан астам дозасы қолдануға жіберілген.

Науат Vax вакцинасын жасау үшін байырғы, бірақ дәлелденген белсенділігі жойылған вакцина жасау технологиясы қолданылады. Осы технологияның көмегімен вирус организмде қорғаныс антиденелерін түзу қабілетін сақтай отырып, жойылады. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, инактивацияланған вакциналардағы адьюванттардың зиянсыз екендігі дәлелденген. Адьюванттар инактивті вакцинаның құрамындағы қосалқы заттар ретінде иммундық жүйені ынталандырады және организмдегі иммунитеттің ұзақ сақталуына ықпал етеді. Науат Vax вакцинасында консерванттар жоқ. Вакцинаны сынаудың үшінші кезеңі Аргентина, Бахрейн, Мысыр, Марокко, Пәкістан, Перу және Біріккен Араб Әмірліктерінде (БАӘ) өткізілген, оған 68000-нан астам адам қатысқан. Жағымсыз әсерлер, ауыр аллергиялық реакциялар болмаған.

Қазіргі күні бұл вакцинаның бүкіл әлемде 10 миллионнан астам дозасы қолданылған және ешқандай жағымсыз жағдайлар тіркелмеген.

● БРИФИНГ

РАМАЗАН АЙЫНДАҒЫ ИГІЛІКТІ ІСТЕР



– Тұрғындардың қолдауымен «Өмірге үміт сыйла!» акциямыздың шеңберіне аймағымыздағы дертке шалдыққан 4 баланың емделуіне қаражат бөлдiк. «Аналарға алғыс» атты шара аясында 500 отбасын, «Жетiм көрсен, жебей жүр!» жобасымыз 450 отбасын, «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзiн көресiң» бастамасымен 1300 отбасын қуанттық.

Облыстық медицина орталығына 100 адамға, Жедел жәрдем орталығына 70 адамға, қалалық ауруханадағы 200 қызметкерге ауызшар қоржынын үлестiрдiк.

Қазақстан мұсылмандар дiнi басқармасы жанынан құрылған «Зекет және қайырымдылық» қоры жыл бойы қайырымдылық шараларын дстүрлi түрде жүргiзiп келедi. Быыл қордың бастамасымен рамазан айында «Ел үлесi өзгерте» жобасы бойынша облысымыздағы 1 отбасыға баспана сыйлады. Бұл туралы өңiрлiк коммуникациялар қызметiнде ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының облыс бойынша өкiлi Оңталап Жидебаев айтты бердi.

Республикалық «Берекелi рамазан» акциясы бойынша 1400 отбасыға қайырымдылық жасалды, – дедi қордың өнiрдегi жетекшiсi.

Сонымен қатар, «Зекет және қайырымдылық» қоры рамазан айында 60 отбасыға қаржылай көмек көрсетсе, аймағымыздағы мыңдаған тұрмысы төмен отбасыға азық-түлiк және тағы басқа қолдаулар жасалды. Айта кетейiк, игi iстердiң ұйытқысы болған қордың сауапты iстерi мен қайырымдылығы тек ораза кезiнде ғана емес жыл бойы жүргiзiледi.

«СБ» ақпарат

Жаңбырлатып жүгері егіп жатыр

Облыстағы бірқатар шаруашылық су үнемдеу технологиясын қолдануға көшті. Соның бірі – Қазалы ауданындағы «РЗА» АҚ. Компанияға қарасты «РЗА-Асыл түлік» серіктестігі мамыр айының бірінші онкүндігіне таяу 87 гектар жерді жаңбырлатып суару арқылы сүрлемдік жүгері дақылын егуді бастады.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Шөлейтті өлке шаруалары алқапты суару кезінде пайдаланылған судың басым бөлігі сол жердің тұзын шаюға жұмсалатынын айтып отыр. Осы орайда жаңбырлатып суару әдісі құптарлық шешім болған сияқты.

Тұзды жуу үшін тәулік бойы суаруға тура келеді. Бұл аумақты малдың қиын, тынайтыш себу арқылы құнарландырдық. Сокаммен жыртып, тегістеп, тырмалап, қалыпқа келтірдік. Спринкерлік жүйе бойынша екі метр тереңдікке дренажды құбыр жүргізілді. Ол шайылған тұзды суды егістіктен шығарып, жерасты суының көтерілуіне кедергі болады, – дейді серіктестік директоры Жәніс Қарабалаев.

Тың әдісті қолданысқа енгізудегі басты мақсат – соңғы үлгідегі су үнемдеу технологиясының көмегімен құнарлы мал азығын дайындау. Жалпы құны 600 млн теңге көлеміндегі жоба аясында 2019-2020 жылдары 87 гектар аумаққа жерасты дренажды жүйесі жүргізілді. Қоршау орнатылып, насостар қойылды. Былтыр қажетті құрал-жабдықтар сатып алынды. Соның негізгісі – испандық компанияның жаңбырлатып суару қондырғысы.

– Тамыз айының соңына таман жүгеріні жинап аламыз. Оның орнына бидай егуді жоспарлап отырмыз. Ол қыс бойы қар астында жатып нәр алады. Сосын көктемде егін орағына кірісеміз, – дейді шаруашылық басшысы.



«СЕНІМ» ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасында 8 (7242) 27-76-99 нөмірлі «Сенім телефоны» жұмыс істейді.

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасы басшылығының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың ата-жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефондары
1	Жолымбетов Төреәхмет Сайлаубайұлы	Басқарма басшысы - Бас мемлекеттік еңбек инспекторы	Сейсенбі, сәрсенбі күндері, қабылдау сағаты 16.00-18.00	Қызылорда қаласы; Бекзатхан Асқар көшесі, 47; каб. 301	8 (7242) 26-34-76
2	Шалбаева Тұмар Балтабайқызы	Басқарма басшысының орынбасары-мемлекеттік еңбек инспекторы	Бейсенбі, жұма күндері, қабылдау сағаты 15.00-17.00	Қызылорда қаласы; Бекзатхан Асқар көшесі, 47; каб. 301	8 (7242) 27-22-85

«СІЗДЕРДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІҢІЗ КЕЗ КЕЛГЕН СТАТИСТИКАДАН АРТЫҚ»



Өркениет күн сайын өрістеп бара жатыр. Ғылым ғажаптары салтанат құруда. Осыдан жүз жыл бұрын қазақ даласында «жұмысшы» деген сөзге әркім түсіне бермейтін еді, енді жұмысты адам емес, «темірқұлдар» атқаратын болды. «Роботқа» жасанды зерде енгіздік. Олардың белгілі бір деңгейде шешім қабылдай алу функциясы «оянды». Енді мына бір нәрсеге ден қояйық. Табиғатты бүлдіретін де, қирататын да, қателесетін де – адам, «робот» қателеспейді. Бір күні олар: «Адамдардан құтылайық, бүкіл проблеманы жасап жатқан адамдар» деуі бек мүмкін. Жасыратын несі бар, дәл қазір болмаса да, алдағы жылдарда дәл осы мәселенің тууы ғажап емес.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Саналы адамзат бұл апаттың алдын алуға міндетті. Ол үшін адам өзінің адами болмысынан, ұлттық құндылығынан алыстамауы тиіс.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан түзілген бағдарлама қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталды. Ұлт ұстанына оралуға жол көрсетті. Елбасы осы бағдарламалық мақаласында таяу жылдардағы міндеттерді белгілей келе: «...Ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн», – деген болатын.

Сондай-ақ, Елбасы бұл жоба арқылы – ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту; оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру; «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау секілді үш мәселені шешуді алға тартқан еді.

Алғашқы кезеңде жоба тек республика деңгейінде ғана іске асырылып келсе, соңғы уақытта жобаның форматы жетілдіріліп, әр сала бойынша қала және аудан кө-



лемінде табысқа жеткен азаматтарды анықтау үшін жұмыс жасалды.

Расында, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы интеллектуалды даму дәрежесін көтерді, ұлттық қолтың, ұлы сананың тереңіне тартты. Осындай ойлы, саналы, жан-жақты қалыптасқан жастарымыз, олардың әр саладағы жетістіктері «100 жаңа есім» жобасы бойынша сыңа түсіп, 2018 жылы облысымыздың төрт азаматы жеңімпаз атанды. Олар: хирург-дәрігер Болатбек Баймаханов, тоғызқұмалакшы Әсел Дәлиева, селекционер-ғалым Александр Подольских және педагог-психолог Сымбат Әбдірахманова болатын.

Адам еңбегін бағалау, оның мәртебесін көтеру, кейінгілерге үлгі ету дәстүрі – халқымызда ертеден келе жатқан естілік. «Жақсы адам атқа мінсе жарасады, жаман адам атқа мінсе адасады» немесе «ат жақсысын макта, жігіт жақсысын жакта» деген халық нақылдары «жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» дегенге жалғасады.

Елбасы өзінің бағдарламалық мақаласында адам еңбегін бағалаудың астарын былайша ашты: «...Қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы, әдетте, құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр».

Осы сөздің шындығын өмірден көріп те жүрміз ғой. Тіпті, ақпарат ағынындағы бұл қалыптың кешелі-бүгін пайда болмағанын да білеміз. Бір кезде даңқты жазушы Ғабит Мүсірепов: «Біз малшыны емес – малды, егіншіні емес – егінді, шахтерді емес көмірді жазуға төселіп кеткенбіз» деген-ді. Сол сартап жол күн бүгінге дейін жетті. Елбасының «...азаматтардың өздері мен олардың

табысқа жету тарихы, әдетте, құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды» деуінің астарында осы ақиқат жатыр.

Бұл жөнінде жақында ғана Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздарымен кездескен сәтінде ширата айтты.

Президент Тәуелсіздік кезеңінде өсіп қалыптасқан буынның атқарған еңбегі мен өздерін таныта білген қарым-қабілеттерін жоғары бағалады.

Ерекше емдеу тәсілімен көптеген адамға перзент сүю бақытын сыйлаған дәрігер-репродуктолог Айдос Ибрагимовтің, жақында ғана «Grammy» сыйлығын жеңіп алып, Қазақстан үшін ғана емес, ТМД үшін де теңдессіз жеңіс әкелген Иманбек Зейкеновтің есімін атады.

«Сіздердің жетістіктеріңіз кез келген статистикадан артық. Осынау керемет жоба сіздерді одан әрі дамуға ерекше талпындырып, қоғам мен ел игілігі үшін жаңа идеяларды іске асырудың кең көкжиектерін ашты деп сенемін. Еліміз өзінің дарынды жастарының көптігімен мақтана алады және мақтануға тиіс. Қазақстанның болашағы сіздердей прогрессивті, талантты, патриот жастардың қолында. Сіздер мемлекеттің басқару тізгінін қолға алуға дайын болуларыңыз керек. Ал, біз, яғни, аға толқын, осы айтқан сөзіміздің шындыққа айналуы үшін барлығын жасаймыз», – деді Қ.Тоқаев.

Жеке тұлғалардың жетістігін кез келген статистикадан жоғары қоюдың сырына байыптап қарасақ, еліміздің алға басуы әр адамның еңбегі мен жетістігінен құралатынын анық сезінеміз. Мұның Мемлекет басшысы тарапынан ерекше назарға алынып, дарынды жастардың дәріптелуі – өте құптарлық, қуанарлық іс. Бұл жөнінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі былай дейді:

«Жүз жаңа есім» жобасы қазақстандық арманның анық іске асқанын көрсетеді. Әрбір талантты, еңбекқор, мақсатшыл адам осы заманның батыры және ұлт мақтанышы бола алады. Сіздер сияқты табысты азаматтар неғұрлым көп болса, еліміздің бәсекеге қабілеті соғұрлым арта түседі. Халқымыздың мерейі де үстем болады. «Жүз жаңа есім» жобасының мақсаты да – осы».

Расында, жүзден жүйрік болған азаматтарымыз, Президент айтқандай, ұлт мақтанышы бола алатын есімдер. Мәселен, қызылордалық ұстаз, аудармашы, психолог Сымбат Әбдірахманова табысқа жету үшін міндетті түрде мол қаражат керек емес деп есептейді. Тек еңбек ете білу керек. Ал, еңбек еткен адам қай уақытта да қолдауға ие болады деп біледі жас дарын. Сымбат бірнеше тілді меңгерген, ешқандай артық шығынсыз балаларға арналған қазақ тіліндегі дамытушы мультфильмдер құрастырумен танылған талант иесі. Ол өзінің «100 жаңа есім» жобасында жеңіске жетуін соны қадамдарының баспалдағы болды дейді. Үлкен жауапкершілік, алға ұмтылушылық пайда болғанын айтады. Жоба жеңімпазы атанған соң Сымбат көмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алумен айналысып, Еуропа психотерапевт қауымдастығының мүшесі болған. Оңтүстік Африкада өткен психикалық денсаулық сапасының сарапшылар отырысына қатысқан. «Отпен ойнама, балақай!» мультфильмі аниматорлар фестивалінде арнайы жүлде алған.

Бүгінгі лексиконмен айтсақ, жоба әсері дарынды жасқа қаншама мотивация, стимул алып келген!

Сократтың «өзіңді өзін таны» этикалық принципі, Абайдың «адам бол» қағидағы бүгінгі әрбір жастың бойынан табылып жатса, «Мәңгілік Ел» идеясының тұғыры шынымен де мәңгілік болмақ.

Біз бүгінде Тәуелсіз еліміздің 30 жылдық шежіресін жазып жатырмыз. Осы шежірені тарқатып талдайтын ертеңгі ұрпақ бүгінгі дарынды, елшіл жастардың ізімен жүріп, ізгілікке ұмтылатыны анық. Демек, біз бүгінгіміз арқылы ертеңіміздің бет-бейнесін қалыптастырып отырмыз. Сол даңғыл жолға бастайтын жобаның бірі – «Қазақстанның 100 жаңа есімі».

Ұлы Абай «адам» және «пенде» деген ұғымдарды саралаған. «Пенденің» тұрағы – өткініш жалған, ал, адам – дүниенің, мәңгіліктің туындысы.

Тәуелсіз Қазақ елінің де төрге шығарып отырғаны – адам бейнесі, оларды жарқырата көрсету.

«100 жаңа есім» жобасының жаңа маусымында да Сыр елі жасампаз жастарының жарқырай көрінетініне күмізіміз жоқ.

БРИФИНГ



Соңғы қоңырау кеші өтеді

Биыл «Соңғы қоңырау» кешіне тек мектеп бітіруші 9 және 11 сынып оқушылары мен ата-аналары қатысады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова мәлімдеді.

«Соңғы қоңырау» салтанатты шарасын өткізудің арнайы ережесі бекітілді. Әр сынып оқушыларының шарасы бөлек жүргізіледі. Егер мектепте 2-3 сынып немесе одан да көп болған жағдайда кезекпен өткізіледі.

– Соңғы қоңырау шарасы мектеп ауласында, қарапайым түрде өтеді. Шараны өткізу барысында әлеуметтік арақашықтық 1,5-2 метр аралығы сақталады. Оған қоса оқушылардың барлығы медициналық маскамен келуі тиіс, – деді Ақзира Бактыбайқызы.

Ал, мектеп бітіруші түлектерге аттестат тапсыру шарасы «Тәуелсіздік ұландары» тақырыбымен жылдағыдай 12 маусым күні өтеді. Шарға түлектердің мектеп формасымен қатысуы талап етіледі. Айта кетейік, оқушылардың мектеп бітіру кешін үйде, жалдамалы үйде, кафе немесе мейрамханада өткізуге және қортеже шығуына рұқсат етілмейді. Сондай-ақ, педагогтарға сыйлық алуға оқушылар мен ата-аналардан қаржы жинауға қатаң тыйым салынады.



Ауызсумен қамту – 98,9%

Нақты кезеңде облыс халқының 98,9 проценті орталықтандырылған су жүйесіне қосылған. Аумақта 234 елді мекен бар. Сол елді мекендердің 85 проценті «Арал-Сарыбұлақ», «Октябрь», «Жиделі» топтық су құбырлары және ішкі су тарату жүйесі бар скважиналар арқылы орталықтандырылған су жүйесіне қосылған. Айта кетейік, 10 мыңға жуық халық 35 ауылдық скважина мен құдықтан су ішіп отыр.

Биыл Қазалы ауданы Жанқожа батыр, Майдакөл елді мекенінде сервистік су желісі, Қармақшы ауданы Төретам кентінде су жүйесінің құрылысы, Байқоңыр қаласының көріз жүйесін жаңарту, Жаңақорғандағы Томенарық, Сунақ ата, Екпінді ауылдарының су жүйесін жаңарту және кеңейту жұмыстары басталады.

– Арал ауданындағы Абай, Тоқабай және Ақбасты ауылдарының «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырына қосу жұмыстарын бастауға республикалық бюджеттен қаржы бөлінді. Жобаның қаражаты ауқымды болғандықтан құрылысы кезең-кезеңмен іске асады. Сондай-ақ, Жаңақорған ауданының 27 ауылын ауызсумен толық қамтамасыз ету үшін 2019 жылдың соңында «Сырдария» топтық су құбыры іске қосылды. Ал «Талап» топтық су құбырының құрылысы биыл аяқталады деп жоспарланып отыр, – деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов.

Қызылорда қаласының тұрғындары ауызсумен Қызылжарма және Қызылорда жерасты су кені арқылы қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда тәулігіне 77-79 мың текше метр ауызсу 74 ұңғыма арқылы өндірілуде. Жаз мезгілінде бұл көрсеткіш 95-100 мың текше метрге дейін ұлғаяды.

– Мекемелердің пайдаланған суын қашықтан бақылайтын бағдарламамен жұмыс жасап жатырмыз. «Атлас» деп аталатын жоба мемлекеттік мекемелерге орнатылды. Бұл жүйені заңды тұлғаларға орнату үшін лицензиясы бар мекемелермен келіссөздер жүргізудеміз, – деді «Қызылорда су жүйесі» МКК басшысы Марат Жәмиев.

«СБ» ақпарат

15 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ

Жапырақ жайған бәйтерек



Ұрпақ сабақтастығының алтын тінін үзбеген, көпке сыйлы, ағайын-туысқа беделді, айналасына абыройлы отбасылардың бірі – Сырдария ауданы Шіркейлі ауылындағы Мақашовтар. Біләл Мақашов – Сырдария ауданының құрметті азаматы. Ұзақ жыл бойы ұстаздық етіп, зейнетке шыққан. Білім саласының үздігі.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Ол мектеп бітірген бойда әскер қатарына алынды, азаматтық борышын өтеп, елге келгеннен кейін жоғары білімге ұмтылды. Еңбек жолын өзі оқыған білім ошағынан бастады. Талай баланы білім нәрімен сусындатып, болашаққа қанат қақтырды. Жас мұғалімдердің білікті маман болуына септігін тигізді. Өз балаларын да жалған сөйлемегуге, жаман әдеттерден аулақ болуға, бір-біріне кінәпейіл болуға баулады. Ерте жастан еңбекке тартты. Әкенің ұлағатты жолын үлгі еткен ұрпақтары елге еңбек сіңіріп жүр. Қарапайымдылығымен жан-жағын баурап, сөзі өзгеге қуат, демеу болған



азамат көпке тірек болды. Жары Алтын Мақашова – көпбалалы ана. Ауыл мектебінің кітапханасында жұмыс істеді.

Олар 1959 жылы шаңырақ көтерді, 5 бала тәрбиеледі. Бүгінде балалары құтты орындарына қонып, бір-бір шаңырақтың тұтқасына айналды. Ата-ана үмітін ақтап, өздері де ақжаулықты ана, пайғамбар жасына жеткен ел ағасы атанды. Ардагер ұстаз 16 немере мен 5 шөберенің қызығына бөленіп отыр. Береке мен бірлік, ауызбіршілік пен бауырмалдылық қасиетін өмірлік ұстанымға айналдырған отбасы бақыт деген осы деп тұжырымдайды.

Тәрбиіне «Балаға берілетін бірінші алтын ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Себебі, ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды» деген сөзді перзенттерінің санасына құйып өсірді. Жолдасы екеуі ұл-қыздарының болашағы жарқын болуы үшін барын салды. Қатарынан кем етпей өсірді. Бүгінде балалары ба-

қытқа бөлеген қос қарияның көңілі тоқ.

Біләл ата ел ішінде шежірешілігімен де сыйлы. Ол кісі ескі қалашықтар, жаугершілік кезде батылдығымен танылып, ел есінде қалған батырлар жайында, есімі белгілі, белгісіз тұлғалар туралы көптеген аңыз-әңгімелерді біледі. Онысын кейінгі жастарға айтып отырудан жалыққан емес. Көкірегі қазынаға толы ақсақалды іздеушілер де жетерлік. Әңгімесін ұйып тындап, түртіп алатындар да кездеседі. Қарияның әкесі де, ата-бабалары да шаңырағына құт дарыған, беделді кісілер болған. Діни сауатты, көкірек көзі ашық кісілердің қасиеті Біләл ақсақалға да берілген.

– «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» дейді халық даналығы. Тәрбие отбасынан басталады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлттық құндылықтарды ұлықтау керектігін айтты. Екі жас бас қосып, үлкен өмірге қадам басқаннан кейін әрбір іске

жауапкершілікпен қарау керек. Бала – байлық, ұрпақ жалғасы. Сондықтан тәрбиені алдыңғы орынға қойған абзал. Бала – жас шыбық. Қалай исен, солай қарай бой түзейді. Жас кезімізде көп қиыншылық көрдік. Ешкім басымыздан сипаған емес. Бірақ мойымадық. Жолдасым екеуіміз қиындығы мол жылдарда бірге болып, балаларды жетілдірдік. Бір рет болса да жасыған емеспіз. Біздің бастан өткергеніміз біреуге ертегі көрінуі мүмкін. Дегенмен, ол уақыт өтті. Қазір шүкір ғой. Заман тыныш, барлық мүмкіндік бар. Сондықтан әрбір некенің мызғымас берік болғанын қалаймын, – дейді Біләл қария.

Алып бәйтеректей саялы шаңырақ тамырын тереңге жайған. Біләл ақсақал немерелеріне үлкенді сыйлап, әркез құрмет білдіру керектігін айтып отырады. Жастық шақта ата-анана не көрсетсең, қартайғанда ұрпағыңнан соны көресің. Бұл халқымыздың өмірлік тәжірибесінен алынған. Қартын құрметтеген, жасына ізет білдірген елдің әрбір отбасының керектегі кең, шаңырағы биік болары сөзсіз.

Онлайн оқу жылы: Балаңыздан не байқадыңыз?

– Оқушы үйде білім алады, телефонға бұрын аз қарайтындардың өзі қазір смартфон мен ноутбукке тәуелді. Баланың көзі нашарлағанын қалай ерте білуге болады? Мұндай тақтадағы жазуды бұлыңғыр көреді, көзін қыса бастайды, теледидарға еріксіз жақын отырады. Ал мектеп оқитын кезде жағдай басқа еді. Оқушы бірде тақтаға, бірде дәптерге қарайды. Оның өзі көзге жаттығу. Егер осы режим үйде де сақталса, бала денсаулығына зияны тимес еді.

Балалар үйде бір сабақты орындап болғасын тұрып кетпейді, оның арасында телефоннан ойын ойнап, Whatsapp-та хат жазысады. Бір пәннің тапсырмасын орындап болғасын бала көзін суытып, үзіліс жасау керек. Мектепте бір сабақтан соң міндетті түрде үзіліс болады, ал үйде бұл тәртіп сақталмайды. Сондай-ақ, көздің нашарлауы омыртқаға да байланысты. Басын еңкейтіп жазу жаза берген баланың көзі нашарлай түседі. Тіпті көзілдірік тақса да, қалыпқа келмейтін жағдайлар бар. Алысқа көп қарамаған баланың көзі қитарлана бастайды. Қазір көз қитарлығы көп кездесуде. Бұл асқынғанда көздің сыртқа не ішке ауытқуына әкеледі.

Балаларды көбіне көру дәрежесі 3-ке жеткенде алып келеді. Миопияның екі түрі бар, бірі – жалған, екіншісі – шынайы. Егер жалған болса, балаға барынша көзілдірік кигізбей, ем алу керек. Егер бір тексерістен соң көзілдірік тақса, шынайы түрге ауысуы мүмкін. Сондықтан балаларды кез келген окулистке емес, балалар окулисіне апару қажет. Әсіресе олардың жасына байланысты көздің өлшемін анықтау оңай емес. Көзілдірікті таңдауға көмектесетін арнайы оптометр маманы бар. Себебі, көру дәрежесі 3-6 ай сайын өзгеріп тұратындықтан, балалардың көзін бір емес, бірнеше рет араға уақыт салып тексеру керек. Егер көзде өзгеріс болса, баланы 6 ай сайын, ал жанары сап-сау болса, жылына бір рет тексерту жеткілікті, – деді Әйгерім Ақшымбаева.

Балаларда астигматизм де кездесуі мүмкін. Астигматизмі барлар затты бұлдыратып көріп, кейде тіпті дүниені солай қабылдайды. Миында қоршаған ортаның бұлыңғыр бейнесі қалыптасады. Сондықтан ауруды ерте анықтау үшін 15 жасқа дейінгі оқушылар балалар дәрігеріне көрінуі керек.

Бітімде мін болмаса игі...

Сколиоз – адамның дене бітімінің, омыртқаның қисаюы. Көбіне балалық, жасөспірім шақта пайда болады. Тік жүрмеу, түзу отырмау, ауыр көтеру, жиі еңкейіп, бүкірейіп жұмыс істеу сколиоз қалыптасуына әкеледі.

Балалар арасында дене бітімінің бұзылысы, сколиоз көрсеткіші бойынша қазір дерек нақты емесдейді мамандар. Нақты айтпаудың ең басты себебі, ка-

рантин кезінде балалардың барлығы бірдей толық тексеру-ден өтпеді. Сондықтан ортопедтер көрсеткіш біркалыпты дегенмен, балалар арасында сколиоз жиі орын алып отыр деп жауап берді.

Ал жеке орталық мамандары не дейді? Қаладағы «Айкуне» гимнастикалық орталығының инструкторы Жақсылық Шадай келушілердің 40 проценті балалар екенін, 6 жастан жоғары балаларда сколиозбен қатар бүкірлік жиі кездесетінін айтты. Кейінгі кезде омыртқаның қисаюына байланысты балалардың келуі жиілеген.

– Сколиоз – омыртқаның қисаюы. Оның бірден төртке дейінгі кезеңі болады. Қазір балаларда 1-2 кезеңі көп кездеседі. Сколиоз адамның ішкі мүшелеріне кері әсерін тигізеді. Ол гаджетті көп пайдаланудан, онлайн сабақтың көптігінен, сөмкенің ауырлығынан пайда болуы мүмкін. Сколиозды болдырмау үшін түзу отырып, тік жүру керек. Сондай-ақ, бала ұйықтаған уақытта өзіне ыңғайлы болуы үшін қисық жатпауы керек. Бұл ішкі мүшелердің ұйқы барысында жұмыс жасауына кері әсерін тигізеді. Айталық, сағат түнгі 23.00-00.00 аралығында балалардың өсу процесі жүреді. Бала түзу ұйықтау үшін көрпесегінің тым жұмсақ болмауына, кішкене қатты болуына мән беру керек.

Ал бүкірлік кезде баланың бел омыртқасы ішке қарай майысыңқы, жамбасы шығыңқы, қарны алдыға шығып кетеді. Екі иығы салбыранқы болады. Бұл өкпенің дұрыс жұмыс жасамауына әкеледі. Ал өкпеге ауа жетпеу, дұрыс тыныс алмау пневмонияны асқындырады, – деді Жақсылық Шадай.

Байқасаңыз, әсіресе қыз балаларда оң аяқты сол аяқтың үстіне қойып отыру басым. Бұл әдет негізінен оқушы кезде қалыптасады. Маман аяқты бір-бірінің үстіне қойып отыру құйымшақтың қисаюына алып келетінін айтты. Құйымшақ адамның іргетасы сияқты. Жамбас сүйек қисайса, барлық мүшеде өзгеріс болып, мойын омыртқаға дейін қисаюы. Мойын омыртқаның қисаюы тыныс алу жүйелерінің, қолдың дұрыс жұмыс жасамауына, миға оттегінің дұрыс бармауына әкеледі.

– Сколиозды медициналық жолмен рентген арқылы, сондай-ақ көзбен қарап-ақ анықтауға болады. Екі иық, шынтақ, жамбас сүйек, тізе, мойын омыртқаның қисықтығынан, екі құлағынан білуге болады. Кішкентай балаларды еңкейткенде бұлшық еттері аз болғандықтан, омыртқалары анық көрінеді. Омыртқа сызығы болмай қалады, – деді инструктор.

Балалар арасында семіздік белең алды. Карантин себебінен көзге де күш түсіп тұр. Қадағаламаса, енді бүкір қарттарды емес, бүкір балаларды да көп көруіміз мүмкін. Бұл ретте тағы да ата-анадағы жауапкершілік салмағы артып тұрған секілді.

Буллинг. Бұл не?

Осы оқиғадан кейін балалардың мектептегі қауіпсіздігі, жасөспірім санасына кері әсер ететін интернет ресурстар, мектептердегі күзет қызметінің сапасы сияқты бірнеше себептер аталып, жер-жерде «мұндай жағдайдың алдын алуға бола ма?» деген сұрақтар қойылуда, тексерулер жүріп жатыр. Сарапшылар мектептегі күзет қызметін күшейтуден бастап, қару ұстауға рұқсат беру жасын ұлғайтуға дейінгі ондаған жолды ұсынды. Бірақ, мұның бәрі агрессияның түп негізінде жатқан себептердің қасында бірреттік, науқандық шаралар болып қала бермек. Уақыт өтеді, Қазан оқиғасы бүгінгідегі көмескіленіп, ұмытылады. Келесі бір осындай оспадарсыз жағдайға дейін (бетін әрмен қылсын) бұл мәселеге қайта айналып соқпауымыз әбден мүмкін.

сым жасауды, қорлық көрсетуді, қолындағы затты тартып алуды, негізгі әңгіме-сөз таратуды, ортадан саналы түрде аластатуды білдіреді.

2018 жылы Қоғамдық денсаулық сақтау Ұлттық орталығының ғалымдарынан құрылған зерттеу тобы қазақстандық оқушылар арасында сауалнама жүргізіпті. Оқушыларға кейінгі екі айда буллингке немесе кибербуллингке ұшыраған-ұшырамағаны, қатысқан-қатыспағаны туралы сауал қойды. Сонда 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 17 проценті бір айдың ішінде бірнеше рет арандату, қысым көретінін айтқан. Қысымға ауыл мектептеріне қарағанда қала мектептерінің балалары жиі кезгеді. Ал біреуге буллинг жасауға жасөспірімдердің 20 проценті қатысқан.

Ақпараттық дәуір мұндай қысым көрсетудің кибербуллинг деп аталатын

құқы жоқ, буллинг сенің достарыңның, отбасыңның, мектептегі балалардың немесе бөтен адамдардың тарапынан болуы мүмкін, қалай дегенде де бұл дұрыс емес және бұлай болуға тиіс емес, буллингті тоқтатуға және өзінді бағалауға үйренуге болады» дегенді сөйле беру керек дейді.

– Мектебімізде буллингке ұшыраған немесе кибербуллер, агрессор оқушы болған емес. Дегенмен, сынып жетекшілерімен бірлесіп, алдын алу жұмыстары үнемі жүргізіліп отырды. Жакында «Кибербуллинг туралы әңгімелесейік» тақырыбында онлайн-вебинар өткіздік. Ата-аналармен де тығыз байланыстамыз, – дейді ол.

Мұндайда «Егер жасөспірім өзі біреуге қысым көрсетіп жүрсе, оны алған бетінен қалай қайтаруға болады?» деген сұрақ өздігінен туындайды.

– Баланың бәрі өзіміздікі,

Айналайын, абайла!



Қолжазба жасаған Мәуірхан Қызылжол

Әлеуметтік желілерде тараған жауап алу сәтінің бейнежазбасында Галиев «Мен өзімнің құдай екенімді бірден білген жоқпын, екі ай бұрын ғана ұқтым. Жазда ішімде құбыжық ояна бастады. Айналамдағы адамның бәрін жек көре бастадым. Бұрын да жек көруші едім, енді ішімдегі ыза-кек күшейе түсті. Мені есі ауысқан деп ойлағандар» деп ышқынады.

«Маған құдай екенімді ешкім айтқан жоқ, екі ай бұрын өзім түсіндім. Алғаш рет бұны анам айттым. Менің анам жоқ, мен оған сіз деп айта беремін. Ол менің анам емес. Менің ата-анам жоқ, мен барлықтарыңды жек көремін. Мен барша адамнан бас тарттым. Мені тапқан адам менің анам емес. Анам да, әкем де жоқ» дейді тағы бірле.

Төбе құйқанды шымырлататын бейнежазбаны соңына дейін көру мүмкін емес. Медициналық-психологиялық зерттеулердің алдын ала қорытындысында «бұл бала буллингке ұшырауы мүмкін» деген болжам айтылды.

Кейінгі кезде құлаққа таныс болып қалған осы терминнің төркінін іздедік. Таптық та, талай мәліметке қанықтық. «Біздің елімізде әрбір бесінші жасөспірім 11 мен 15 жас аралығында буллинг құрбаны немесе қатысушысы болады» деген ресми органдардың ақпараты бұл мәселенің тамыры тым тереңдеп кеткенін көрсетті.

Буллингтің түп мәні – қорқыту, ол тек физикалық ақпараты бұл мәселенің тамыры тым тереңдеп кеткенін көрсетті.

Буллингтің түп мәні – қорқыту, ол тек физикалық ақпараты бұл мәселенің тамыры тым тереңдеп кеткенін көрсетті.

түрін дамытты. Бұрын бетпе-бет жолығып, көзбе-көз төбелесетін немесе күш қолданатын болса, енді телефон мен компьютердің ар жағында отырып, ойына келгенді жазу, абыройын төгу, түрлі комментарийлер жазып, намысына тию белең алды. Бұл, әрине, бала психикасына кері әсерін тигізбей қоймайды. Жоғарыдағы зерттеу қорытындысында кибербуллингке тап болған балалардың үлесі 12 процент екені айтылған.

Қысымға ұшырағанын қалай білеміз?

Мұндайда, әрине, маман пікірі маңызды. Қызылорда қаласындағы С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицей педагог-психологы, педагогика ғылымдарының магистрі Гүлзат Оналбаеваның айтуынша, буллингке ұшыраған бала алдымен мектептен немесе оқу орнынан көңіл-күйі болмай келеді де, ол жаққа баруға ынтысы жоғалады. Себебісі жылап, сыныптастары немесе топтағылар туралы ештеңе айтпайтын болады, олардың үйіне, туған күн кештеріне бармайды. Көп ауырады, ақша сұрайды, сөйлесуден қашқақтайды. Мұның соңы сарыуайымға салынудан бастап, ұйқының, тәбеттің бұзылуына, өзіне деген сенімнің жоғалуына, сабақ үлгерімінің нашарлауына, өзін жалғыз қалғандай сезініп, ақыры өз-өзіне зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін.

Енді не істейміз? Педагог-психолог әр оқушының санасына «Екінде сақта! Ешкімнің сені қорлауға

сондықтан оларды қысым көруші деп ақтап, агрессор деп даттап, бөліп-жаруға болмайды. Ондай балалардың біреуге қорлық көрсетуіне не итермелегенін білу маңызды. Жан-жағындағылардың құрметіне лайық болудың жолы бұл еместігін, өзі қысым көрсеткен қатарласының қандай қиын жағдайға ұшырайтынын түсіндіру арқылы мәселені шешуге болады, – дейді Г.Оналбаева.

Бүгінгінің баласы басқа ма?

Мойындайықшы, баламен бір сәт сырласу, уақыт тауып ойын білу, оны жақсы көретінін біту туралы психологтардың кеңесіне құлақ түре бермейміз. Салған жерден «бізді әке-шешеміз еркелеткен жоқ, шөп оруға да, бақша егуге де салды, бір-біріміздің сыймай қалған киімімізді киіп жетілдік» деп өз уәжімізді алға тартамыз. Бірақ кеше мен бүгінді, яғни өзіміз бен баламызды салыстыруға мүлде болмайды. Ата-ананың бәрине топырақ шашудан аулақпын, бірақ қазір баланы материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуді бірінші орынға шығардық. Оның жан дүниесінде не болып жатқанын, ортасымен қарым-қатынасы қалай екенінен хабарымыз аз.

Мәселенің мәнісін мамандар терең түсінетін болғандықтан, оларға хабарластық. Психолог Сымбат Абдрахманова айтады:

– Бала дүниеге келгенде әппақ парак сияқты болады. Ол атын, ұлтын, дінін, руын, т.б. білмейді.

Осындай қарапайым түсініктен бастап, үлкен мәселені шешуге дейінгі үйрететін – отбасы. Үйдегі әрбір әрекетке, айтылатын әңгімеге абай болыңыз. Жасыратыны жоқ, кейбір проблемаларды, мысалы ақша жетпеу, т.б. дастарханның басында, баланың көзінше талқылайтындар бар. Бала бұл түйінді шеше алмайды, алайда естігенін ауыр қабылдайды. Мысалы, тәжірибемде үйінде ақша жетпегендіктен өмірін қиғысы келетін жасөспірім кездесті. Ол «мен жоқ болсам, маған кеткен қаражат үйдің басқа қажеттіліктеріне жұмсалар еді» деп ойлапты.

Баланы жақсы көру – оны материалдық жағынан қамтамасыз ету емес. Оған «мен сені жақсы көремін» деп айтып, құшақтағаныңыз, көңіл бөлгеніңіз керек. Тағы бір мысал айтайын. Бірінші некеден туған қыз екінші некеден туған екі ұл бауырына

қарап, өзін керексіз сезінеді. «Екінші әкем бөлектейді» деп айтатын. Қызбен, отбасымен жұмыс істедік. Бір күні қыз қуанып келді. «Анам мені «ботқақам» деп еркелетті» дейді. Шыны керек, көбіміз үйдің кішісін еркелетіп, үлкеніне аса мән бермейміз. Оларды жұмсап, сөткен қатарласының қандай қиын жағдайға ұшырайтынын түсіндіру арқылы мәселені шешуге болады, – дейді Г.Оналбаева.

Бала үшін ата-ана – тек жасөспірімдік шаққа дейін авторитет. Әрі қарай достарының, ортасының ойы маңызды бола бастайды. Сол жасөспірімдік шаққа дейін уақыт пен көңіл бөле алсаңыз, әрі қарай жеңіл болады. «Жұмыс, қол тимейді, т.б.» деп жүргенде уақыт өтіп кетуі мүмкін. Ал уақытты кері айналыруға ешкімнің құдіреті жетпейді. Сондықтан, балаларыңызға «жақсы көремін» деп айтуға, құшақтауға, көңіл, уақыт бөлуге шақырамын.

Кеше ғана мектептен шыққан баланың өзі білім алғанды ұясын ойрандап, қан төгуіне не себеп болғанын түсінуге тырысып жатқандарды тыңдап отырып түрлі ойға берілесін. «Баланың бос уақыты көп, тегін үйірмелер аз, онсыз да тұн ауғанға дейін компьютер мен телефоннан бас алмайтын еді, карантинде тіпті «тордың» шырмауында қалды, интернет ресурстарда зорлық-зомбылыққа үйрететін бейнежазбалар қолжетімді»... Осылайша кете береді.

Ал сіз балаңызбен қашан сырластыңыз?



1-бет

ASHYQ ЖОБАСЫНАН НЕ ҮШІН ШЫҒАРЫП ЖІБЕРУІ МҮМКІН

Мониторинг тобы жобаға қатысуға қойылатын талаптардың бұзу фактісін анықтап, растаған жағдайда;

Нысан келушілерді 3 күннен астам уақыт тексермегенде.

МАҢЫЗДЫ! Жұмыс алгоритмін бұзған қатысушы мониторинг топтың шешімімен жобадан 2 аптаға шығарылады

Қайта бұзушылық тіркелсе, бизнес нысаны жобадан **2 айға** шеттетіледі.

Клиент телефоннан уақытпен кетті ме немесе қосымшаны орнатпады ма?

Бизнес нысанның қызметкері келушінің деректерін сканерлеп алу үшін қосымшадан «күзетші» функциясын іске қосып.

Бизнес өкілі @ashyq_support_bot тексеріс қорыда қызметіне жүгініп, «күзетші» режимінде жұмыс істейтін қызметкердің деректерін береді.

Сканерлеуге рұқсат алған соң қызметкерлер клиенттің статусын тексере алады:

- «қосымшаны «күзетші» режимінде шығып, «күзетші» рұқсатты тексеру» түймесін басы
- клиенттің жеке куәлігі штрих-кодын сканерлеу немесе келушінің ЖСН-ін қолмен табу
- клиент статусын тексеру
- тексерісті аяқтау

Келушіні нысаннан шыға берісте тіркеу (Check-out) талап етілмейді

@ashyq_support_bot

«Ойпырым-ай, ә! Ойпырым-ай!». Осы одағай сөз соңғы уақыттары Жуасбайдың тіл ұшына жиі үйірілетін болды. Бұлай болатын да жөні бар. «Апыр-ай, ә! Ойпырым-ай, ә!» – деп таңғалмай көріңіз қазір. Таңғаласыз. Еріксіз, еркіннен тыс таңғаласыз. Себебі? Себебі көп. Өте көп.

Жуасбайдың таңғалуы дәл қазір емес, бұдан біраз жыл бұрын басталған. Бес қыздан кейін өліп-талып, Аллаға жалбарынып жүріп көрген жалғызы – Жеткергенінің жұмыс бабымен қалаға қоныс аударған. Сөйтсе, бұл жақта қызық. Бала мен келін айлықтарын, ал шамалыдан соң бұның кемпірі екеуінің де зейнетақысын бәкі дей ме, бәккәмәт дей ме, сондай бір жәшіктерден алады екен. Апырым-ай! Осындай да қызық болады екен-ау, ә? Бұл не деген қарамағт десейші! Ең әуелі бұл «қарамағтты» келіні Әсел көрсеткен. Танертеңгі шайдың үстінде Жуасбай:

– Бүгін жексенбі ғой, базар қызатын шығар, барып жұртты көріп қайтайын, әрі майда-шүйде, керек-жарағымды алайын, маған бес-он теңге болса бер, – деді кемпірі Дәмегүл қарап.

– Менде көк тиіле жок, – деді Дәмегүл кесесін дастарқанға қоя беріп. – Арғысын айтпағанда, осы жетінің өзінде екі бесіксаларға, Бибижанның қызын ұзатуға, Айымқұл құрдамының жетпіске толғанына барған жоқпын ба? Бәріне де құр қол бара алмайсың. Өзімнің де дымым қалмады. Бір басталса осындайдың тығыны ашылып кететін әдеті. Әй, бірақ, той ғой әйтеуір. Тапқанымызды осындай қызықшылықтарға жарата берейік те.

– Ата, менде де ақша болмай тұр, – деді келіні енесінің ұзатып барып қайырған уәжі біткен кезде. – Ботантай мен Алуашканың апайлары сыныптарын сырлауға ақша жинап, соған бердім. Алдыңғы күні жұмыстан қайтарда нан, рожки, жұмыртқа мен сары май ала келдім.

Әсел сәл-пәл ойланıp қалды. – А-а, айтпақшы, ата, – деді сосын қуанып. Өткендегі пенсияңыздан қалған шамалы ақша бар ғой. Қазір сізбен бірге шығып аптектегі банкоматтан алып берейін де.

– Балам-ау, демалыс емес пе, оның жабық шығар?

– Жо-жоқ, ата, банкомат демалыс күндері де істей береді.

– Қалай сонда, бәккәмәттың адамдары демалмай ма? Жексенбі күні де ақша бере бере ме?

– Ата, онда ақшаны адамдар бермейді, банкоматтың өзі береді.

– Түсінбедім, балам, түк түсінбедім. – Қазір көресіз, ата. Мен әуелі, ұмытпай тұрғанда, карточканызды алып аламын.

Келіні шайдың соңын енесіне қалдырып, орнынан тұрды. Екеуі жылдам киініп сыртқа шықты. Онша көп жүрген жоқ. Бірер көшені киіп өтіп, ұзын жолға бұрыла бергенде дәл алдарында шағын ғана дәріхана үйі тұрды.

– Мынаның есігі жабық қой.

Жуасбайдың ішінде: «Айттым ғой жана саған, демалыс күні қайдағы ақшаны алайын деп жүрсін» деген ой да жоқ емес.

– Мұнда келіңіз, ата!

Келіні үйдің қабырғасында лып-лып, жып-жып етіп тұрған телевизор сияқты бірдеңеге жақындай берді.

– Банкомат деген осы, – деді ол. Сөйтті де қалтасынан кішкене картішкені алып моншақ тәртізді тітімдей көк шамдары жанып тұрған бір сызыққа тигізді. Сол-ақ екен анау жемтігін қылғытқан құрбақадай қылқ еткізіп көртішкені жұтып жіберді.

– Енді сіздің ПИН-кодыңызды терміз, – деді Әсел түсіндіруді одан әрі жалғастырып. Бірақ бұның бірдеңе түсініп тұрғаны шамалы.

Келіні пик-пик еткізіп алдындағы түймеді темірлердің бірінен соң бірін баса берді. Ол басқан сайын «телевизордың» бетіне неше түрлі жазулар шығады.

– Міне, енді ақшаны аламыз.

О, тоба! Келіні қолын тоса беріп еді, бір қақпақ ашылды да, қып-қызыл ақшаны ітеріп кеп жіберді. Ойпырым-ай, ә! Ойпырым-ай! Мұндай да болады екен, ә! Жуасбай өз көзіне өзі сенбеді. Таң қалғаны сонша, аузы ашылып, кірпік қақпай, қимылсыз қатты да қалды. Өстіп тасмүсін сияктанып тұрғанда келіні:

– Мінекі, ата, он бес мың теңгеніз, – деп қолына қызылқұлақтарды ұстата салды.

– Балам-ау, мынау шыннан да ақша ғой! Кәдімгі ақша!

– Иә, ата, осы айдағы пенсияңыздың қалғаны. Базарыңызға бара беріңіз енді. Жүріңіз, ана жактан сізді автобуска мінгізіп жіберейін.

Келіні көлікке мінгізуді мінгізді, бұл базарға баруын барды-ау. Бірақ мандытып ештеңе бітірмеді. Дұрыстап аралаған да жоқ. Үйге кіріп-шыққанда киетін бұзаубас галоштан басқа зат ала алмады. Өйткені, бар ойы базарда емес, әлгі ақшада болды. Келіні қолын тосқан кезде «мә» деп бере қойған банкоматта болды.

«Ойпырым-ай, ә! – деп ойлады жаяу қайтып келе жатып. – Ойпырым-ай! Мұндай да ғажап болады екен. Ғажап қой, шыннан да ғажап! Балаларының «ақшаны банкоматтан аламыз» дегендерін еститін еді, бірақ соған онша мән бермепті. Енді, міне, көзімен көрді. Иә, көзбен көріп, қолмен ұстағанның жөні бөлек. «Жүре берсең, көре бересің» деп бекер айтпаған ғой бұрынғылар».

Ол өстіп таңғалу сезімінен арыла алмай, айран-асыр қалып келе жатты. Банкомат берген ақшасын қалтасынан алып, бір-екі рет көріп қойды. Кәдімгі күнде ұстап жүрген теңге. «Е-е теңге, теңге... бүйтіп ойлапықпен қалтаға түспейтін едің, сен...» Осы сөз Жуасбайдың көз алдынан өздерінің ауылда кезекке тұрып зейнетақы алатын кездері көлбеңдеп өтті.

Ол бір елдің де, жұрттың да берекесі кеткен, киер киімді былай қойғанда, ішер аз табуудың өзі мәселе болып қалған қиындау уақыт еді. Ауылдың тепсе темір үзетін ер-азаматтарының бәрі екі қолдарын қалталарына салып сенделіп жүр. Жұмыс жоқ. Дүкен сөрелері жылан жалағандай. Бұрынғы қап-қап күрішке толып тұратын қойма, сүтті бұлақтай



Қалата келген Жуасбай

ағызып отырған ферма, бөлке-бөлке нан шығаратын наубайхана – бәрі-бәрі жабылған. Жабылмаған тек мектеп пен шағын аурухана ғана. Ондағыларда да жөнді айлық жоқ. Шал-шауқан мен кемпір-сампырлар да үш-төрт айды артқа тастап, пенсияға әрең қол жеткізеді. Ал енді сол пенсия беретін күнгі «қырғынды» айтпа. Қырғын, шыннан да қып-қызыл қырғын болатын. Айқай да сол жерде, ұрыс-керіс те сол жерде, боктау да, балағаттау да сол жерде. Азаның шайынды ішер-ішпестен, ертелетіп барып өшірет алғанынан не пайда, кімнен кейін кім екені анықталынып, бір-бірімен келісіп, әп-әдемі болып тұрғандар поштадағы ақша беретін келіншектің төбесі көрінісімен әй бір жанталасады дейсің.

– Мен біріншімін!
– Жоқ, мен біріншімін!
– Әй, Сапаш, не деп тұрсың, сенің келгенің жаңа ғана емес пе?

– Онда жұмысың болмасын!

– Әй, жолдастар, мен келгенде осы жерде жан баласы жоқ тұғын, сондықтан мен бірінші алам.

– Ой-бу, мен сиырымды да саумай келіп едім, әуелі мен алып кетейініші!

– Оразамызды да ашып келіп тұрмыз ғой, шамалы шыдасандар қайтеді?!

– Оу, ағайындар, жаңа келіспеп пе едік, кімнен кейін кім екенін. Енді бұлардың не, тәртіп сактасандаршы.

– Әй, Пірман, тәртібін өзіне, саған ұқсап сыпайылық сақтап тұратын жағдай жоқ, етсіз тамақ жеп отырғанымызға бір ай болды.

Аядай жер ызы-шу, қым-қуыт. Бір кезде иін тірескен топтың арасынан таласып-тармасып ақшасын әзер алған алғашқы зейнеткер де шығады. Сол-ақ екен, қолдарына сала-құлаш тізімдерін ұстап дайын тұрған қыз-келіншектер қасына жетіп барады.

– Өке, өткенде менен насыбай алып еліңіз ғой, соның ақшасын беріңіз.

– Әке, сіздің үйдегі Балжан әжем алты жүз теңгеге шемішке май алған.

– Ата, маған сегіз жүз теңге бересіз, Қанат балаңыз футболкі мен шұлық алған.

Саудагерлер қарыздарын алып бола бергенде, келесі екі бірдей қария теңгелерін ұстап шығып келе жатады.

– Өке, апа, тұра тұрғындар, – деп енді олар Мәуебай шал мен кемпірі Қалипаның алдын кес-кестейді.

– Мен әнеуекүңгі шайдың ақшасын алайын деп ем.

– Иә, қарағым, шайың жақсы шығады екен, қанша берем?

– Қалипа ана, келініңіз жүз елу теңгеге пешеней алып еді, соны...

– Қайдағы пешеней? Ешқандай пешеней көрген жоқпын, білмеймін.

– Қойыңыз, апа, міне, жазулы тұр ғой...

– Апа, менен бес келі рәшкі алған-сыз...

– Әй, кемпір, бер мына балаға рәшкінің ақшасын, оны көрдік.

Мұндайда Жуасбай «бірінші, екіншімін» деп кезекке таласып, жұртпен алысып-құлыспайды. Сол жердегі орындықтардың біріне жайғасып алып, әліптін артын бағады. Сөйтіп отырғанда түскі шайдың уақыты болады. Ақша беруші Нәзира:

– Болды енді тұрмаңыздар, әбетке кетем, – дейді.

Сол-ақ екен:

– Қызым-ай, маған беріп жіберші, түстен кейін тағы әуре болмайын.

– Мен де алып кетейініші, белім жарамай зорға келдім.

– Ойбай-ау, таң азаннан қақиып тұрмыз, сонда алмай кетеміз бе?

– Нәзиражан, мен үштігі автобозбен қалаға баратын едім, беріп жіберші еді.

– Мен де жолға шығам, мен де алып кетугім керек! – деген дауыстар жаңбырша жауады. Бірін-бірі итермелеп, өңмендеген қимылдар үдей түседі.

– Жок! Жок! Шығыңыздар! Шығыңыздар! Жабам. Түстен кейін келіңіздер!

Осылай деп қолына кілтін ұстап сөрелің бергі жағына өткен Нәзира енді қарияларды шығара алмай әуруге түседі. Жуасбай көбіне түстен кейін де, тіпті кешке дейін де ақшасын ала алмайды. Сосын ертінен, болмаса оның да ертеңіне барады. Сол кездері рахат. Кешегі, алдыңкүңгі «соғыс» жоқ. Тыныштық. Екі-үш адам ғана жәйі-ме-е-ен, мәдениетті түрде тыныт-бендерінен алады. Ал кейде бұның бір өзі ғана болады. Ондайда пошташасы екеуі аз-кем тілдесіп қалады. Бірде қағазға қол қойдырып жатып Нәзира:

– Жуасбай аға, сіз байсыз, ә? – деді.

– Қалай? – деді бұл таңырқап.

– Үнемі жұрттың ең соңынан келесіз. Соған қарағанда сізге ақша керек емес-ау?

– И-и, қарағым-ай, әуелгі күндері алғаннан не пайда? Жүр ғой анау Сапаш та, Әжтай да, Пішенбай да: «Көк тиын қалған жоқ, сап қылдық» деп. Менікі, міне, өзінде тұр. Әлі мұрты бұзылған жоқ. Жақсы емес пе?

– Ой, аға-ай, аға-ай, әулиесіз ғой! Міне ақшаңыз, санап алыңыз!

– Тәйт, санағаны несі? Санауды сенен артық біледі дейсің бе?

– Сонда да. Саудадағы сияқты ақшада да достық жоқ, аға.

– Мә, одан да мына бір-екі майданы өзіңе алып қал.

– Ойбай, қойыңыз, аға, бұныыз не?

– Жо-жоқ, қалсын, қалсын. Сен пенсия алмайсың ғой.

Жуасбай бірер сарықұлақты сөрелің үстінде қалдырып кетіп бара жатты. Нәзира дереу орнынан тұрып:

– Аға, аға, ақшаңызды... дей берген кезде бұл:

– Қарағым, анау Бозымбектің қызы ашы кәмпіт сатып жүр. Содан алып, ашылап бір шай ішесіңі, – деп тез-тез басып шығып кеткен.

Міне, осындайда күндер өткен... «E-e-eh!» Жуасбай демін ішіне тартып ауыр күрсініп жібергенін байқамай да қалды. Сәл аялдап, тыныс созды. Жан-жағына қарады. Ой құшағында біраз жер жүріп тастапты. Енді үйі де алыс емес.

«Ойпырым-ай, ә! – деді ол қайтадан банкомат есіне түсіп. Ойпырым-ай! Мына бәккәмәттың қызығын-ай! Мұндай да қызық болады екен!».

Бұл – аядай ауылынан қарға адым ұзап шықпаған, күрші етіп, кетпен шапқаннан басқаны білмеген Жуасбайдың таңғалуының алды екен. Сонан кейін-ақ үйдегі балалары мен немерелері қарамағттың небір түрін көрсетіп, мұны онан сайын қайран қалдыра берді.

Нежалғасып жатқансымы жоқ, әуеден тартады дейтін не телевизордыкіндей қалқан құлақты құрылғысы жоқ, қалтаға салып жүріп-ақ керек кезінде оймен де, қырмен де сөйлесе беретін ұялы телефонға таңғалып жүргенде бір күні Жеткерген компьютер сатып әкелісін. Онысын және жеделдетіп «интернет» дегенге қоссын. Міне, қызық! Қызық болғанда да нағыз қызықтың көкесі! Апырым-ай, онда не жок дейсің? Дүниенің бәрі бар екен, бәрі. Әуелгі кезде бұл компьютермен ұлының түп-түзу қылып, тасқа басқандай етіп жазып отырғанына таңғалушы еді, сөйтсе ол ештене емес екен. Жеткергенжан қолы қалт еткенде көрсетті. Неше түрлі ойын да, концерт те, кино да, кітап та, жер-жердегі хабар-ошар да, қойшы, әйтеуір, адам жанынан басқаның бәрі бар екен. Қалай таңғалмасың? Бұл бұл ма? Тағы біршама уақыт өткенде әуелі келін мен ұл, сонан соң олардан қалмай қыңқылдап жүріп Ботантай мен Алуаш та телефондарын жанартты. Бұрынғылары кішкентай, иісбабының көлеміндей ғана тұғын, ал мыналары қолақпандай, тура кірсабының жұқасындай. Ал әлгі компьютердегі қарамағттың бәрі енді айфон дей ме, жайфон дей ме, сол кірсабындай телефондардың ішіне көшіпті. Саусағынның ұшыын тигізіп қалсаң бітті. Алақандай терезесінен жыпылдапты көрсете жөнеледі. О, Қүдірет! Төрткүл дүниенің тынысы адамның қолында тұр! Бұл не деген ғажап! Тіпті айтуға тіл жетпейді. Бұған қалай таңғалмасың?!

Жуасбай қалаға келгені бері осындай ғажаптарды, әсіресе, соңғы кездері, жиі көретін болды. Соған орай «ойпырмайлауы» да көбейе түсті. Өткенде Ботантай екеуі шаһар орталығындағы үш қабатты үлкен дүкенге барды. Міне, қызық! Бұлар есікке такай беріп еді, жалтыраған жалпақ әйнек ортасынан қак жарылып өзінен-өзі сырғып ашылды. Ешкім итерген жоқ. Ешкім тұтқадан ұстап тартқан жоқ. Өзінен-өзі ашылды. Таңғалып, селтініп тұрып қалған мұны Ботантай «Жүріңіз, ата!» – деп қолынан ұстап ішке кіргізді. Мәссаған! Тап алдарында мөлдір моншақтарын жоғарыға атып, күміс тамшыларын тынымсыз шапқан субұрқак тұр.

– Ой, Ботанжан, мына қара! Мына қара!

– Ата, тыныш, мен бұны білем ғой, бүгін сізді көрсін деп әдейі ертіп әкелдім. Алам, әжем, Алуашқа үшеуі ылғи да келеді осында. Бұл жаңадан ашылған мегаорталық.

– А-а, әлгі ежен де көрді ме мұны? Қарашы-ей, оның пысығын.

– Иә, ата, әйелдер магазинді көп аралайды ғой.

– I-і...

– Жүріңіз, ата, әуелі мен рюкзакымды қояйын, әйтпесе ішке кіргізбейді.

– Қайда қоясың, Ботанжан-ау, біреу алып кетпей ме?

– Жо-оқ, ата, ешкім де алмайды.

– А-а, сөмкелерді күзететін қарауыл бар ма?

– Жо-оқ, қарауыл емес...

Екеуі субұрқакты айналып оң жаққа өтті де, бір қабырғаны тұтастай алып тұрған сары қаңылтырдың жанына келді. Әр-әр жерде бір-екі адам ғана көрінеді. Олардың да ешкіммен шаруасы жоқ сияқты. Өз-өздерімен бірдеңе істеп күйбендеп жатыр. «Құдай-ау, сонда роқзакты қайда қоямыз? Бұл жерде я бір ілгешек, я бір үстөл көрінбейді ғой» деп ойлады бұл.

– Ата, бері қараныз, – деді осы кезде Ботантай. Сөйтті де сұқ саусағымен

бір қызыл түймені басып қалып еді, жандарынан сарт етіп бір қақпақ ашылды.

– Астапыралла!

Бейкам тұрған Жуасбай шошып кетті.

– Қорықпаңыз, ата, – деді Ботантай қызыл түйменің астынан сумаң етіп шыға келген тілдей қағазды алып жатып. – Біздің жәшігіміз ғой.

Қызығы, Ботантай рюкзактың қойып, есігін тырс еткізіп жауып еді, енді ол жәшік емес, тұтас бір темір қабырға болды да қалды.

– Сонда, – деді бұл таңданып. – Сонда мына ұзыннан-ұзақ болып тұрған сары қабырғаның бәрі осындай жәшік пе? Бәрі ашыла ма?

– Иә, бұл жерде кемі үш жүздей жәшік бар.

– Ойпырым-ай, ә!

Екеуі көп кідірмей, сәлден соң жоғарыға көтерілді. Қалай көтерілді дейсіз ғой. Жәй, кәдімгі баспалдақпен бе? Жо-оқ. Токпен жүретін баспалдақпен! Ал, таңғалудың көкесі керек болса! Жуасбай токпен жұмыс істейтін біраз нәрсені білетін еді. Бірақ токпен жүретін

баспалдақтың болатынын білмейді екен. Естімепті де.

Сәбиді алақанға тұрғызып көтергендей етіп жоғарылататын сол ғажайып басқышпен әуелі екінші, содан соң үшінші қабатқа бұлар бекер шықпапты. Бұл жерде саула-саттық емес, түрлі ойындар бар екен. Кішкене рельестермен зуылдаған пойыздар да, ирелен-ирелен етіп жүретін тізбектелген жылан мүсінді мәшинелер де, шеңбер жасап айналатын әткеншектер де, үстіне шығып ұшып-ұшып секіруге болатын үрлеген резенкелер де осында. Бірақ Ботантай олардың ешқайсысына мінген жоқ. Балалардың көңілді ойындарына қарап отырды да шамалыдан соң:

– Жүріңіз, ата, кафетерийге барып пицца жеп, сусын ішейік, шөлдеген шығарсыз, – деді.

– Балам-ау, оған ақшаң бар ма, мен ештене алып шықпап едім.

– Түк те қысылмаңыз, ата, ақшам бар, кеше әкемінен сізді қыдыртамын деп сұрап алғанмын.

– А-а. Мұның жөн.

Екеуі томпақ-томпақ орындықтары мен үстелдері бар шап-шағын, жап-жайлы жерге келіп отырды. Сол-ақ екен алдына жиегі ирек-ирек, дөңгелекше, аппақ алжапқыш байлаған, басына аппақ қатырма қалпақ киген еліктің лағындай, сүп-сүйкімді бір қыз жандарына жетіп келді. Қолында құйттай қағазы мен қаламы бар.

– Здравствуйте! Что желаете?

– Здравствуйте! Нам две пиццы, дедушке – чашку кофе с молоком, а мне – стакан кока-колы.

Қыз қазынаға түртіп-түртіп алды. Жуасбайдың аузы ашылды да қалды.

Еліктің лағындай сүйкімді қызға емес, немересінің орысша сөйлегеніне. Оны және тап орыс сияқты айнытпай айтқанына.

– Ботанжан, сен орысша біледі екенсің ғой, ә! Оны қалай үйреніп жүрсің?

– Ой, ата, қалада орысша білмесең болмайды. Мектебіміздің жартысы орыс кластары. Сондағы балдармен ойнап, сөйлесіп үйрендім. Қазір ағылшынша үйреніп жүрмін.

– Мәләдә, менің балам!

Немересінен қалғысы келмегендей, Жуасбай өзі білетін жалғыз ауыз орысшасын айтып салды. Өстіп отырғанда подносын көтеріп сүйкімді қыз келді. Екеуінің алдына төрелкеге салынған екі күлше мен сусындарын қойды.

– Приятного аппетита! – деп басын сәл-пәл иіп, күлімсіреді. Сөйтті де, бұрылып жүре берді.

– Ойпырым-ай, мынау қандай жақсы бала, танымайтын адамдарға да елпілдеп, иіліп тұр ғой. Бірақ неге қазақша сөйлемейді екен, ә? Өзі қазақ емес пе? – деді Жуасбай таңданып.

– Иә, ата, қазақ қой. Қаланың қыздар, балдарының көбі өйстеді. Орысша сөйлейді.



Қолына ұстаған қаламын қазақтың рухын көтеруге арнаған жазушы-қайраткер Ш.Мұртаза бір сөзінде: «Дүйім жұрт сөзін тыңдап, пікіріне құлақ асқанды абыз дейді. Ауыл-аймакқа әмірі жүретінді аксақал атайды. Ал, елдік сананы қалыптастыра алмай, ауыл-аймақ күйбенінің шырғалаңында жүргенді шал дейді» депті.

Аксақалдар түгілі көселердің де көсемсіген заманында шалдарыңыз шаң қауып қалары даусыз. Амалсыз әрі алдымен аксақалдарымыздың ақ жолы дұрыс болса екен деген ойда қаласын. Әрине, қарап отырып аспаннан кара бұлтты төндіре беруге болмас. Абыздар бар арамызда, жетіп артылады. Бірақ, солардың бірі де бірегейі – Сейілбек Шаухаманов еді деп кесіп айтсам менің, ықыласымды ешкім теріске шығарып, жерге тастай салмайтын шығар. Расы солай. Бұған талас жоқ.

Жұрт «Шаршамайтын Шаухаманов» атап кеткен Секеннің серкег те сезімталдығын қалай мақтап һәм дәріптегеніз де жарасады. Қолына талай қызметтің тұтқасы тиген кездің өзінде, оның бірде-бірінде жаман сөзге қалмақ түгілі, ескерту де алып көрмеді. Қария деген атқа кір келтірмей, өнегелі өмір сүрудің өзі ғанибет екендігін көрсетіп кетті.

Журналист ретінде біраз жыл қыс, жаз демей, ауа райының жайсыздығына да қарамастан, бірде көлікпен, тағы бірде тікұшақпен де іссапарда бірге көбірек жүрдік, бірге дастархандас болдық. Мұны айтып отырғаным, жолда жүргенде немесе дастарқан басында жасы бар, жасымысы бар, кейде ұсақ-түйек әңгіме айтып шаршатып жіберетіні аян. Ал Сейілбек отырған жерде сіз де саликалы әңгіме айтып, нағыз қазақтылық қасиет алмасңыз, ұят болар еді. Біз бір ай жата-жастаңа жатып оқыған «Бес ғасыр жырайдыны» ол кісі бес-ақ күнде бітірген. Сөйтіп, ғасырдан ғасырға жеткен, Алтын дәуірдің асыл дүниелерін жұртқа насихаттап жүрді.

Қоғамда «Қазыналы қарттар, қайдасың?» деген тосын сауал туындап болса, біз соларды таба алмай жүрген жоқпыз, іздеуге мойнымыз жар бермей келе жатқанын ұмытпағанымыз жөн деген ой туады. Шынтұайтына келсек, Абайдың қара сөздерінен, акын-жыраулардың өсиетінен, аңыз-әңгімелер мен бүгінгінің саясатына дейін сан түрлі сөз қозғай алатын, терең қазып ұлағатты ой айтудан жалықпайтын, бір жанылмайтын Секеннің мықтылығы осында болса керек. Көнекөз қариялар – ұлттың ұлт болып қалыптасуына, салт-дәстүрдің сақталуына, жас ұрпақтың дұрыс бағыт-бағдар мен тәлім-тәрбие алуына, дін мен ділдің, тілдің, басқа да асыл құндылықтарымыздың сақталуына, елдің бірлік пен ынтымақта өмір сүруіне бірден-бір себепші дер болсақ, Сейілбек сынды даналардың өнеге өрісі өшпейтіні сөзсіз.

Расында да, көнекөздерден қалған әр сөздің астарында алтынның сынығы жатыр деуге болады. Кеменгер жазушы М.Әуезов «Қытайлықтар ұлы қытай қорғанымен, италиялықтар сазды әуенімен таңғалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтары мен бай тілін мактан етеді» деген екен. Сол айтпақшы қазақтың құндылығы қоғам қайраткері Сейілбек Шаухамановтың бір бойында толық сақталған еді. Сөзге шешен, істе көсем аксақалдың әрбір тірлігі еріксіз тамсандыратын әрі таңғалдыратын.

Міне, бұған мысалды алыстан іздеудің қажеті шамалы. Қай заманды алсақ та, ата, әке

Адамның жылы сөзге жаны жылып сала береді. Дастарқан басында таныс інішестердің бірі «Аға, сіз әр тақырыпқа қалам сілтеп жүрсіз, нағыз абыз туралы неге жазбайсыз» деді. Рақмет айтуды да ұмытпадым. Бірақ, ішімнен «бұл бала қандай оймен айтты?» деген сұрақ мазалай берді. Шындығында абыз дегенге лайықты тұлғалар бар емес пе? Құдай-ау, Сыр бойындағы жалпы қазақтың бүгінгі абыз аксақалдары кімдер, олардың қатарын кімдермен толықтыруға болады деп ойладым. Сосын өзге аға буынның өкілдерін, одан кейінгі ұрпақтың арасынан да мықтылар шыққанын миымның ішінен тізіп өттім.

АЛАСАРМАС БИІКТІК

– ақылшы, бағыт беруші. Көне мемлекеттерде болсын сақ, ғұн қоғамында болсын патриархалдық басым болған, билеуші мен қара халықты бігістіріп, табыстырып отырған аузы дуалы аксақалдар емес пе? Сондай асыл азаматтар қазірде бар дер болсақ, шашасына шаң жұқтырмайтын Шаухаманов солардың көш басында жүзі жарқырап, тілі сайрап, жігерінді қайрап, қол-аяғыңды байлап, ақыл-ойыңды майлап, жайнап тұрар еді.

Өткен жылдардың бірінде Алтай Нұриддинұлы деген бауырымыз «Тұлға» атты мақаласында С.Шаухамановтың Шиелі ауданын басқарған жылдары тындырған қыруар тірлігіне тоқтала келе: «Аталы, баталы сөздер тізілген блокнотында тоқсан мыңнан астам мақал-мәтелдерді тізіпті. Көріп, қайран қалдым» деп жазыпты. Өз сөзінде Секен: «Біреулер баяндаманы оқып келе жатып, өз ойын қосып, толықтырам деп далаға лағып кетіп, ойды шашыратып алып жатады. Баяндаманы өзін жазып, соны әдемілеп оқып берсең, әлгіндей көмшіліктерге жол бермес еді әрі сөзің таза, нық, өтімді шығады» деген екен.

Мұны айтып отырған себебіміз, Секен бар болмысын бойынан да, ойынан да, көзінен де, сөзінен де айқын көрсете білген жан еді. Қара сөзге қамшы салдырмайтын азаматтың шешендігі шеберлерді көз алдына әкеледі. Жазуы қандай көркем болса, сөзі де сондай әсем. Жазуы мен сөйлеу тәсілі құстың қос қанатындай десек, артық айтпағанымыз. Оның жандүниесімен беріле жазған кез келген дүниесін, публицистикаларын жазушылардың өзі мұртын бұза алмайтын. Бірнеше кітаптың да авторы болды. Өнердің шын жанашыры еді. Осының барлығы азаматтың бітім-болмысы бөлектігін аңғартатын.

Кезінде Талдықорған, Қызылорда облыстарын басқарып, ККП орталық комитетінің инспекторы, бірнеше рет КСРО, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Парламент Сенатының халықаралық қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитет мүшесі, Көші-қон және демография жөніндегі агенттік төрағасының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған С.Шаухаманов адал еңбегі үшін мемлекеттік марапаттаулардан да құр қалмаған. Бес ауданның Құрметті азаматы, «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл ту» ордені, Құрмет белгісі, «Халықтар достығы», «Парасат» ордендерімен, көптеген медальдармен, Қазақстан мен Өзбекстанның Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Секен жары Жұпарқұл екеуі Нағима, Фатима, Нұрлан, Шолпан, Ұлбосын есімді қыздары мен ұлын үлкен азамат етіп өсірді. Олардан немере сүйіп, бақыт құшағында жүріп, өзгелердің де бақытты болуын тілейтін, өзгелердің де тірлігі түзу болғанын қалайтын. Ұлы Абайдың «Сүйер ұлын болса, сен сүй, сүйінерге жерар ол» деген дана сөзі Секен секілді біртуар азаматтарға арналғандай көрінеді.

Ғұлама шайыр Әбубәкір Жердері «Би болмас белін жалпақ бұғанменен, тазармас есілі харама жуанменен» дейді. Бірақ, адам әу баста таза болуы керек. Сол кіршіксіз көңіл ұрпақтың бойына сінеді. Адалдықты да, азаматтықты да, имандылық пен ибалықты ата-анадан да, аға буыннан да үйрене білген С.Шаухаманұлының сегіз қырлы, бір сырлы болғандығын айтып тауыса алмайсыз. Жасы 60-ты ақылдаған Абай, сексендегі Сүйінбай, тоқсандағы Жамбыл, оның замандасы Нұрпейіс Байғанин өздерінің жас шамасын

жасырмай соған лайықты тірлік жасаған. Бір ауылдың аксақалдарын бір жерге тоғыстырып, ренжіскенін табыстыра алмай жүрген заманда Сейілбек Шаухаманұлы бүкіл бір облыстың қарияларын қасына жинап, ұлт бірлігін, ұрпақ қамын насихаттап едік. Кез келген жерде шешіле сөйлейтін Секеннің әр сөзінен даналардан қалған даралықты аңғаратын едік. Өмірдің өз айнасына айнала бастаған тұста қоғам қайраткерінің өмір сүру қағидасы биліктегілерге де замандастарына да, жастарға да есте сақтап жүруге, қолдануға лайықты дағды болғанын жақсы білеміз.

Оқығаны да, тоқығаны да көп азаматтың жүгінері – Абай. Ғұлама ақынның ғасырлар бойына азық болып қалар аталы сөздері қазір айтып жүрген Мәңгілік елдің негізін қалайды. Абай білімді де, тәлімі мол тәрбиені де, еселі еңбекті де дәріптейді. Осы үшеуін қатар алып жүрген ұрпақтың ұлы мақсатына қиналмай жететіндігіне сенеді. Отыз жетінші қара сөздегі «Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалай бітіргендігінен емес» деген пікірді басты ұстаным ететін еді. Өз ортасында орынды сөз айтатын, ордалы ой қозғайтын Секеннің де көңілін алаңдатытын мәселелер баршылық болатын. Бір журналистің «Еңбек тәрбиесі деген қазір қалып бара жатыр ғой...» деген сұрағына: «Еңбек тәрбиесі жоқ. Еңбек тәрбиесізсіз де ештеңе болмайды. «Адамды адам еткен – еңбек» – дейді. Менің оған қосарым, адамды адам етіп қалдыратын да – еңбек. Мектепте, отбасында еңбек тәрбиесіне көңіл бөліну керек. Жұрттың бәрі бастық болуы, ғалым болуы мүмкін емес. Мектеп оқушыларының таланттыларын бесінші сыныптан кейін химик шығатынын – химик, физик шығатынын физик, тарихшы шығатынын тарихшы болуға бейімдеу қажет. Мұндай бейімі жоқ балаларға тасқалаушы, слесарь, тракторист дегендей, мамандықтарды жақсы меңгерсең, жақсы өмір сүресің деген тәрбие керек. Қазір осындай тәрбие болмай отыр. Университет бітіріп, жұмыссыз жүргендер қатары көбейді. Сондықтан баланы өмірге тәрбиелеуді, еңбекке баулуды – тәрбие жұмысының ең басына апарып қойған дұрыс. Мысалы, университет бітірген қыз от жаға алмайды. Ондай әйел кімге керек. Махаббат өтеді. Үйді жақсы ұстайтын, тамақты жақсы пісіретін, бәрі қолынан келетін әйелден ешкім де кетпейді» деп жауап беріпті.

Осы секілді отбасылық әңгіменің арасында тамаша мысалдарды тізбелеп отырып, ой бөліскенде Сейілбек Шаухаманұлының шаң қаптырып кететіні бар еді. Ы.Алтынсариннің «Қашан да бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылшыңызды, онан соң көзіңізді жұмылдырыңыз, сонан соң, ақылшыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп жөнін тауып мақұл көрсе, тіріңіз бен қолыңызға ауза ерік беріңіз» деген нақызын сондан тастамай үнемі айтып отыратын.

Абыздыңын ауыл-аймақ емес ісі қазақ жұртына мойындатқан мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухаманов кезі тірі болғанда тура бүгін 82 жасқа толар еді. Қайраткердің биік болмысы мен елге сіңірген еңбегі, жұртының жадындағы сағынышы туралы әлі талай естеліктер жазылатынына күмән келтірмейміз.

Итен ҚАРЫМСАҚҰЛЫ, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАН ШУАҒЫ

Тау алыстаған сайын биіктейді. Біз туған өлкемдай жазықта орналасқан. Десе де, айбат-айбары тау шыңындай өңселі ағаларымыз аз емес. Сондай ағаларымыздың бірі Әбубәкір Теміров еді. Оның өзі ғұмыр бойы тер төккен туған жерінің топырағын жамылып, мәңгі тыныстап жатқанына да біршама жыл өтті. Әйтсе де, халқы арда ұлын ұмытқан жоқ. Ұлықпан хәкім мың жасапты демей ме? Әрине, ұрпағымен. Әбекен мен Маржан анамыздың бауырынан өрбіген перзенттерінің баршасы бұл күнде ат жалын тартып мініп, сан салада қызмет жасап, әулет абыройына, әке есіміне дақ түсірмеуге тырысып-бағуда.

Сб Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»



Әбекенді біршама білуші едім. Тонның ішкі бауындай етене араласпасам да сәлеміміз түзу болды. Газет тілшісі ретінде жүздесіп жүрдім. Ауыл баласы болғандықтан шығар, ауыл шаруашылығы бағытында әңгімеміз үйлесім табатын. Жасы әкеммен қатарлас Әбекен мені ешуақытта қосынған емес. Әңгіме желісі мал өнімдерін өңдеу жайына ойысқанда ағамыз қатты қынжылатын. Әсіресе, кезінде құны алтынмен тең түйе жүні, қой жүні, мал терісінің ит-рәсуа болып, іріп-шіріп жатқанына алаңдайды. Мұндайда Әбекеннің жан дүниесіндегі ренішін түсінуге тырысасын. Көпті көрген білікті маманды іштей қолдайсын. Қыстың қытымыр азында, жаздың ми қайнартап апабында тыным көрмейтін малшы ағайынның есіл еңбегі еш кетіп жатса, шаруа жайына қанық дала перзенті қалайша күйінебейді?

Өзеге ұсақ-түйек, ауыл адамына аса маңызды жем-шөп дайындау, мал төлдету, төрт түлік арасында кездесетін түрлі кеселден сақтану, басқа да тақырыптарды қауза, ағамыз хас дүлдүлдей дүрсілдетін. Ғылыми негізге сүйене отырып, қызықты деректер келтіргенде еріксіз сүйсінесің. «Осындай көкірегі көмбеге толы аға буынның өмірлік бай тәжірибесін күнделікті тіршілікте пайдалана ғой, шіркін...» деп күрсінесің. Бірақ...

Әбубәкір Теміров 1930 жылы Қазалы ауданына қарасты №2 ауылда, бұрынғы Жамбыл атындағы колхозда дүниеге келген. Балалық шағы әлемді шарпыған Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарына түспа-түс келгендіктен, қара жұмыстың қазанында ерте шыңдалды. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген

ұранды құлағына сіңіріп өсті. Сол қасіретті кезеңде елдегі өмірді өрге сүйреген ауылда қалған қарттар мен әйелдер, балашаға болғаны тарихтың сарғайған парактарынан мәлім. Десе де, ауыр бейнетке ешкім қабақ шытпады. Жеңіс туы желбірейтініне бәрі сенді. Сол сенім қарапайым жұрттың намысын жаныды, жігер-күшін селдей тасытты.

Қазалы қаласындағы мал дәрігер-зоотехникалық техникумын бітіргенде Әбекеннің жасы небәрі 17-де болатын. Диплом алысымен қызу еңбекке кірісіп кетті. Арала тағы жылдар өтті. Ізденуге құштар жас алған білімімен шектелуді жөн санамады. Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына құжат тапсырып, оны ғалым-зоотехник мамандығы бойынша үздік бағаға тәмамдады. Бойында жігері жалындыған жас маман институттан кейінгі еңбек жолын Қазалы мал дәрігер-зоотехникалық техникумында мұғалім болып жалғастырды.Кезінде өзі білім нәрімен сусындаған оқу ордасында енді ұстаз ретінде шәкірттер тәрбиеледі.

Білікті де тындырымдылығымен танылған орда бұзар жастағы ұстаз арала уақыт өте Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясының бас зоотехнигі лауазымына шақырылды. Қанға сіңген пісенттілік, ізденімпаздық, темірдей тәртіпті ұлықтаған дағдысы Теміровтің жұлдызын жандырды. Облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы, Жаңақорған ауданы партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқаруы басшылықтың оған деген сенімі-тұғын. Бір сәт дерекке көз жүгіртсек.

Шиелі, Жаңақорған аудандарының қосылуына байланысты Әбубәкір Те-

миров Шиелі аудандық өндірістік басқармасы бастығының бірінші орынбасары және аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болды. 1965-1970 жылдары Қазалы аудандық өндірістік басқармасының бастығы, 1970 жылдан Шиелі ауданы ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметін атқарды. 1971-1991 жылдар аралығында Шиелі ауданы Сырдария совхозының директоры, аудандық лайындау кеңсесінің директоры, аудандық жоспарлау комитетінде жұмыс жасап, содан соң жұмыспен қамту орталығының меңгерушісі болып еңбек етті. 1990 жылдан республикалық деңгейдегі дербес зейнеткер атанды. Осы жылдар аралығында Жаңақорған, Қазалы, Шиелі аудандарында аудандық партия комитеттерінің бюро мүшесі, аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық Кеңесінің депутаты, облыстық партия комитетінің конференцияларына делегат, облыстық Кеңеске депутат болып сайланды. Жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясына арнайы шақырылып қатысты. «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордені, көптеген медальдарымен наградталған. КСРО Халық шаруашылығы көрмесіне (ВДНХ) қатысып, қызметтегі қол жеткізген жетістіктері үшін көрменің жоғарғы дәрежелі медалімен, облыстың Құрмет грамотасымен марапатталды.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өшпейді» демекші, Әбубәкір Теміровтің ізінде қалған ізгі істері, үлгі-өнегесі көмескіленбей, уақыт өткен сайын жарқырай бермек.

Қазалы ауданы.

БРИФИНГ

«Қайсардың» сәтсіздігіне не себеп?

Биылғы ел біріншілігін «Қайсар» футбол клубы сәтсіз бастады. Алғашқы 10 турда небәрі 6 ұпай еншілеп, соңғы орындардың бірін місе тұттып тұр. Себеп неде? Тығырықтан шығатын жол қайсы? Бұл жөнінде жауапты сала басшылары мен команда мүшелерінің пікірі қандай?



Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Жақсылық Оспанов бұған байланысты ой-пікірін білдірді.

– Рас,команда маусымды сәтсіз бастады. Айта кетейік, өткен жылғы құрам біраз жаңарғаны белгілі. Бұл ойыншылардың бір-бірін түсінуіне елауір әсер ететіні белгілі. Оған біршама уақыт қажет болады. Сол арқылы футболшылар бір-бірін түсініп, жеңіске жету жолында тер төгеді. Алдағы уақытта осы бағытта жұмыс жасап, олардың тәжірибесін жетілдіру көңіл бөлеміз, – деді басқарма басшысы.

Облыстық футбол федерациясы тарапынан командаға қолдау көрсету мақсатында тиісті іс-шаралар қолға алынып отыр. Бұл алдағы уақытта өз септігін тигізетіні анық.

– Былтырғы құрамнан тек Илияс Әмірсейітов, Кларенс Битанг, Думан Нәзілдаев сияқты футболшылар қалды. Алған жаракатына байланысты Илияс кешегі күнге дейін көптеген ойындарға қатыса алмады. Жанкүйерлердің реніші де орынды. Бірақ команданың енді ғана бір-біріне үйреніп келе жатқанын түсінуіміз керек. Командавирустық жағдайға байланысты шет елден көздеген футболшыларды құрамға қосуға қиындық туындады. Алдағы уақытта команда жанкүйер сенімінен шығатын деңгейде шеберлік

көрсетеді деген сенімдемін. Алдағы трансферлік кезеңде «Қайсар» сапына 2-3 шеп бойынша тәжірибелі ойыншылар тартылады, – деді облыстық футбол федерациясының вице-президенті Болат Көшербаев.

Команданың бас бапкері Сұлтан Әбілдаев клуб тарапындағы алдағы жоспарларымен бөлісті. Ол өзінің жергілікті футболшылардың көбірек алаңға шыққанына назар аударып отырғанын жеткізді. Нәтижесінде бүгінде Мақсат Байжанов, Думан Нәзілдаев, Елжас Сарбай, Өркен Махан, Елжас Алтынбеков, Абылайхан Төлегенов, Аян Құлмағанбетов, Бекзат Құрманбекұлы, Нұрымжан Салайдын секілді жергілікті жігіттер көптеген кездесуге қатысып үлгерді. Бас бапкер алдағы ойындарда тактикалық тұрғыдан командада өзгерістер болатынын жеткізді.

– Биыл команда құрамына қосылған Гегам Кадемян жыл басында ауыр жарарат алуы салдарынан жаттығу жұмыстарын толыққанды жүргізе алмады. Қазір денсаулығы жақсарып, формасын енді жинақтап жатыр. Алдағы ойындарда өзін жақсы қырынан көрсетеді деп ойлаймын, – деді бас бапкер Сұлтан Әбілдаев.

«СБ» ақпарат

Мәңгілік монолот

Элегия

Сірә да кеншілік пен кемшілік жұмырбасты пенденің тіршілік таразысы екені хақ. Өзімізді өзіміз жұбатамыз, жазғырамыз. Өмір есебі өшіруге, қосып жазуға көнбейді. Баршаға ортақ ақиқат бұра тартқызбайды.

Иә, балалық шақта бәрімізді қиял билейді. Жастық шалқуында арман аргымағынан түскін келмейді. Желпінесін, желдіртесін. Содан барып тоқтасқан кезде, артығың мен кемінді теңестіре алмай әлекке қаласың. Елделік ентелеген сайын патша көңілің тергеуін тоқтатпайды.

Күңә аз, кіңә көптеу көрінгенімен, ешқашан ақтала алмайтын бір айыл әркімнің басында бар тәрізді. Әр кезеңде, әрқалай сипатта біле тұрып ескермеген пендеуі немқұрайдылығымызды сана соты мәзгілі жеткенде, бетке баспай тұрмайды. Ақталуға кеш, орны толмас өкініш ақтық демің біткенше маза бермейді. Сөйтіп, рухани жазаны қайтсем жеңілдетем деп ой азабын кешесін...

Менің де тосылатын тұсым – осы. Тағдыр тоқтағы кімнің басына тимеген?! «Алла тегін берді, тегін алды» дейтін тоқтама сөзбен қай пенде тала-сар?! Сөйткенмен, соғыс жалмаған Әжмағи ағаның орны бөлек. Өмір бәйгесінде кңку салар болмысына ешкім шұбөланбаған. Сауатты, тілді, жүректілігімен әмбені таңыратқан. Жүдә, жағалау белсенділері «Жорға болар құлан құйрығын тістей туады. Мына бала түбінде елге тұтқа болады» деп сұқтаныпты.

Еті тірілігімен он жетіге жетпей ауылдық кеңестің хатшысы атанған. Ыңғайын тауып, майданға іріктелгендер тізіміне өзін ертерек іліндіріп жіберген. 1942 жылы Аралдан батысқа қарай ұмсынған қызыл эшелонда жауанкөз Әжмағи Кемалов та көкірегің кең буып, ұрыс даласына аттанады.

Ойы он сакка жүгіреді. «Жоқ, соғыс көппен көрген ұлы той деген уәжбен келіспейді. Мұндағы ереже жалғыз: жауды жеңесің не өлесің! Ендеше, елге ерлікпен оралуды жазғай!» По-йыз донғалағының сарт-сұрт дүңкілі, ырғалақтаған ағаш вагон олай-бұлай қақпақылдап, толғаныс тінін үзіп жібереді.

«Елден алар еншісі ажалмен арпылсудан басталғаны несі?! Тым ерте жеткен қоштасу қандай ауыр еді?! Өкем болса, дімкөс. Анау қаршадай қарындасы Нұрсәуле, титімдей Мәриямен Тотия анасына қашан қолғанат болар екен?! Алда-жалда соғыстан қайтпай қалсам, қайғы бұлтты бұлардың адымын аштырмайды-ау. Қарашаныраққа ие болар үкілі үміт артыман ерер ме?!» Аттаныс сапары осылайша арман мен қатердің арбасуына араша таппай жүргені сыздатты.

Содан бері арада Қытай қорғанындай созылып, кеспелтектей 76 жыл бедірейіп жатыр. Ол күні бүгінге дейін хабар-ошарсыз кеткендер санатында. Қандай қайғы кездеспесін, пенде бір езіледі де қайта тіктеледі. Әйткенмен, ана азабының жөні басқа. Тоғыз ай, тоғыз күн құрсағында сырласқан перзентін тоқсан тоғыз жыл бойы азылаудың өзі оларға аздық етеді. Өкем мен сияқты қарға тұяқ алданышының Әжмағи ағам сынды айрықша болып қанаттануын қалады.

Аңғал басым Әжмағи ағаның майданнан жолдаған бір бума хатын көздің қарашығындай сақтауды ескермеппін. Жарық төбедегі терезеден түсетін бәкені там мен қиял қуысына жасырыпандай әсерге бөлейтін. Күн күлімдеп, ай жымыйдайтындай елестейтін. Әжмағи аға қолтанбасы мен түсінетіндей емес. Хат латын әрпімен жазылған. Кітап оқуға құмарлығым латыншаны жүргізіп оқуға көдімгідей ықпал етті. Кейбірі қара қаламмен, кейбірі сиямен өрнектеліпті. Соған қарағанда, штабқа жақын жүргенге ұқсайды. Үшкіл хаттар шетінен тартымды. Қара сөзінен өлендетуі көбірек.

«Айырылысып қоштастық Жалаңаштың басынан, Жылағанда жан жеңеше, кете алмадың қасыңнан» деген егілме жолдар бірден қамықтырып жібереді. Анасын жеңеше дейтіні, ол – Махан атаның тұңғыш немересі. Бүгінгі түсінікпен қарағанда, кемпір-шалдың баласы. Осы қарапайым жүп жолдан оның анаға деген өшпес махаббаты алау өрнегін ұшқындатады. Барлық хатта ағайын-тума, бауырларын түгендеп, топтама сөлем жолдауы, ел тынысына зәрулік менмұндалайды.

Шамасы оннан астам хат. Кезінде сол жәдігер жазбаларды көшіріп алмағандыма әлі күнге өкінемін. Өзімді аяусыз айыптаймын да. Өлде нешеме жылдардан бері үлбіреп тұрған тұмар іспетті туындыны жыртылып кете ме деп қауіптендім бе екен?! Өруақты пір тұтқан дағдымызбен, ретсіз қол жүгіртуге сескендім бе?! Ессесіне, Әжмағи ағаның майданнан жазған хаттарын көпшілік таласа тыңдап, өлендеткен тұстарын жадына тоқыған. Күні кешеге дейін тұстастары, соғыстан соң туғандар сол аманат жырды жанарынан жас парлатып жатқа айтушы еді. Олардың да қатары сиреп барады...

Кебеже қалыппен құмнан тұрғызылған шағын сарайдың күңгей бет іргесіне арқасын тірей, әлдеқандай мұнды әуенді ыңылдап отыратын әжемнің қолындағы ұршығы дөңгеленген сайын шүйке жіп те сарқылып, зарлы үн ашы өксікке айналатын. Не деген қамсыз едім, тұла бойы тұңғышымен тылсым арқылы тілдесіп жатқанын неге ұқпадым?! Әжмағи ағаның балалық, жастық шағы жайлы неге көбірек сұрағыштамадым?! Қапаланады деп жүрексіндім бе? Құптауы да, жауабы да жоқ мұндай кешіккен өттеген-айдың енді не құны бар?! Әжмағи ағаның майдандағы

тағдырына байланысты нақтылығы белгісіз үш қисынды құлағым шалған. «Қара қағаз» келіпті. Ауылдық кеңестегілер бұл жайсыз хабарды жеткізбеген. Жорықтас құрдасы Сахиев Құлан аға бір әңгіме желісінде «Әжмағилар атысып жатқан тұсқа бомба түсті» деген көрінеді. Жады мықты Жәми ағамыз біреуден біреу арқылы «Әжмағи фашистер қоршауында тірідей берілмей, жартастан құлап, мерт болыпты» дегенді айтып қалды. Кімнен, қалай естігені дүдәмалдау.

Ұлы Отан соғысы қаһармандарын интернет желісі арқылы іздегіру кең қанат жайды. Көк сандыққа үңіліп едік, Әжмағи Кемалов туралы сараң дерек сарт ете қалды. 1942 жылдың 20 сәуірінде Арал аудандық әскери комиссариатынан ескерге жіберілген. Қатардағы жауынгер, атқыш көрінеді. Қандыкөйлек майдандасы әрі ауылдасы Құлан ағаның әскери өмірбаянында бұлардың әуелі 783-атқыштар полкінде болғаны көрсетілген 1944 жылы 255-атқыштар полкі құрамына енген. 1943 жылдың ақпанынан бастап хабар-ошарсыз кеткендер тізімінде жүр.

Бұл мәліметке кереғар екінші құжат басқаша сөйлейді. 173-атқыштар полкі командирі, полковник Гариф Зиятдинұлы Юлдашев қол қойған 1943 жылдың 4 шілдесіндегі №307 актіде «Ленинградты қорғағаны үшін» медалі табысталған 52 жауынгердің тізбесінде 21-ретпен Кемалов Әжмағи тұр. Нағрада куәлігі Р-01660 санды. Демек, өмірде жар-жоғына үзілді-кесілді мәлімет жоқ.

Ағамыздың жорық жолын елестету үшін Ленинград майданы шежіресіне ден қойдық. Ұлы Отан соғысы тарихындағы ең ұзақ, шешуші шайқас Ленинградқа тиесілі. Неміс әскері бұл қаһарман қалаға 19 күнде тап берді. 1941 жылдың 10 шілдесінде 1944 жылдың 9 тамызына дейін созылған сұрапыл жекпе-жекті сипаттауға қағаз да қипақтайды. Күн орнына зеңбірек күркіреп, бұлт орнына бомбалаушы ұшақтар қаптап, жазық жерді танктердің шыңжыр табаны таптағаны не деген сұмдық сурет еді?! Екі жақтан 1,5 миллион жауынгер, 1500 ұшақ, 10 мың зеңбірек, 500 танк, 20 кеме Ленинград ұрысына жұмылдырылды.

900 күндік қоршау аргы-бергі тарихтағы соғыс атаулыда ешқашан кездеспеген. Төрт кезеңнен тұратын Ленинград майданында әскер мен халықтың жігі білінбей, ерлік жалауын жүрекпен де, қарумен де желбіретті. Сан мыңдаған қаһармандар легінде Әжмағи Кемалов та 500 күндің жау шебіне мылтық кезеді. Қар жамылып, мұз жастанған екі қыста басынан нендей қиындықты өткермеді десеніңі?! 1943 жыл еншісіне жататын Ладого көлі арқылы ені 11 шақырымдық қатынас дәлізін, 18 күнде 36 шақырымдық темір жол салу жанталасында Әжмағи ағаның да атой салғаны хақ. Бұл қос өткел майдан мен тылды байланыстырудың алапат соғыстағы ең ұтқыр жолы ғана емес, жеңіске деген жігер мен сенім символы іспеттес.

Ажал сөйлеп, өмір өшкен, бірде-бір күн қантөгіссіз өтпеген Ленинград шайқасына бүкіл ел ынтыға көз тігіп отырды. Аралдың бүйендей қолтығы Жалаңаш ауылына да ұлы қаладан жеткен үшкіл хаттарға сінген оқ-дәрі иісін балаларының тынысына балаған ақ жаулықты аналар арасында менің ардақты Күләш әжем де бар болатын. Әрбір хат сүйінші боп жетіп, майданға бата түрінде ел алғысын арқалап оралатын. Соның ішінде Әжмағи ағаның жыр аманаты жылағанды жұбатқан жәдігер ретінде бағаланған. Осыдан кейін әжемнің бұл пәниден өткенше сүйікті ұлы жұмыр жердің бір пұшпағында тірі жүрген шығар деп дөмеленгеніне қалайша келіспесің?! Біз де өлдіге санағымыз келмейді.

Бейбіт күнде Мәскеуді көріп, жалынды жырымен Одаққа мәлім болған Жамбыл бабамыз «Ленинградтық өренім» атты оптимистік өлеңімен барлық майданда патриоттық дүмпу туғызды. Төкпе жырдың тұлпары:

– Күндіз күлкі, түнде ұйқым,

Келмейді бүгін менің де. Жау тиді елге дегенде! – деп тебірене бастап, соғыс суретіне ойысады.

– Қамалы құрыш айбатты, Ұлдары батыр қайратты. Қаусырғандай қуаты, Аспан мен жер арасын!

Көсем атындағы қала қаһармандарын одан әрі көтермелеп, қанаттандырады.

– Ленинградтық өренім – Мақтанышым сен едің! Нева өзенін сүйкімді, Бұлағымдай көремін! –



деп жанына жақын тұтатындығын өзіміне жырға қосады. Түйіндеуі де тапқыр.

– Ажарына қарттықтың, Қарамастан шалқып тым, Қаһарындай халықтың, Шерттіп жырды шалқыттым!

Мына сәйкестікті бекер дей көрмеңіші. Соғыстан кейінгі серпілісте балық аулаудан көш бастаған «Бір-лестік» ұжымшары Жамбыл атын иеленді. Осы ауылдың түлегі Әжмағи Кемалов 18 бен 19 жастың аралығында ақын адуын жырға қосқан Ленинградта жаудың пәтін қайтарған мыңдаған боздақтар қатарында жауынгерлік құрметке бөленді.

Аттай 3 жыл 1 айға ұласқан жойқын ұрыста 1,5 миллион ержүрек «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен наградталған. Бұл – жіктелмейтін дерек. Қоршаудағы қала тұрғындары бір сәтке де өндіріс ырғағын бұзбай, майдандағы жауынгерлерді қару-жарақ, киім, азықпен жабдықтағаны – теңдессіз ерлік. Текті қала халқы қауіпті елден қылмастан радиодан симфония тыңдап, рухтанды. Жамбылдың «Ленинградтық өренім» өлеңі сан тілде саңқылдады. Аспаннан жанбырша жауған үндеу жыр Отан үкімі болып қалықтады.

Қайран менің қияли Әжмағи ағам! Қанды қырғыннан қатарлардың сияқты елге аман оралғаныңда, Ленинград әсері жарқын болашағына арман қақпасын айқара ашар еді-ау?! Әйгілі Неваға Арал сөлемін табыстап, ақ түнін ақ мамыққа балаған да шығарсың ғой! Жауынгерлік дорбанда жартылай жазылып, жолданбай қалған ақ қағазға қандай лебіз қалдырдың екен?! Қанжармен ұшталған қалам ұшы морт сынған сәттерде жүрек дәптеріне ұсынған ансау сөзің жыр болып жосылған да болар.

Ұһ! Бұл тіпті де одағай сөз емес. Жан қиналысының ішке сыймай, сыртқа атылған лебі ғана. Қараша үйдің қоңыр тірлігі бір басынан ауыспайтын әжем мұндай сарқынды дем шығарған емес. Уайым уыты тұла бойын торлаған кезде де бұлай түңілгенін көрмеппін. Не деген шыдам, қандай сарқылмайтын сағыныш?! Осы арада Күләш әжемнің даралығын дәйектей кетейін. Бұл – бір ерекше жаратылған тұлға. Тәпелтектеу абысындары тырбандап үй тіге алмай жатқанда, жалғыз өзі үйді тігіп, жаюын төсеп, ас-суын қамдап, қайнағаларын төрге оздырып, батасын алады екен. Қысы-жазы шұбаты үзілмеген, сөлемші айналған қолы ашықтығымен ел есінде қалған.

Бессай қолтығында ау салып, кермеше тартқанда, Күләш әжем тағы да қажыр-қайратымен ерекшеленген. Қолына құт дарығаны соншалық, ол араласқан балық аулау қарбаласында ау көзі, кермеше торы су маржаны сүз-



гісіне ұқсап кеткен. Қазір Үшшоқыға шоғырланған балықшы қауым теңіздің Күләш аралы атанатын тұсынан үнемі олжа күтеді.

Жаңау, ағайын-жекжат жағдайын үнемі зерделеп, қамқорлығы мен көпшілдігі арқасында ел анасы дәрежесіне жеткен. Қайғы-мұңды кеудесіне ұялата бермей, күрескерлікпен күн кешкен. Әжмағи ағам да Ленинград құрсауындағы ашқұрсақ күндерде әжемнің үзбенін, қазанжаппайын, табаға салған наны мен балығын сан мәрте аңсаған шығар-ау?! Әжмағи аға туралы толымды дерек таппасақ та, шағын ақпараттың өзіне шүкіршілік дейсін. Бәлкім, Ленинградты қорғағандардың бүкіл тізбесі, ерлік дәйектемелері күндердің күнінде толық ақиқатқа айналар. Сол кезді күткеннен басқа амал қанша?! Жеке басын айғақтайтын құжатсыз опат болғандардың бауырластар зиратында мәңгі тыныстауы да мүмкін ғой. Қоршау ішіндегі партизандық топ әрекеті мәлімделсе, бір ұштығы сол жерден табылар ма еді? Қалай дегенмен, қазаға қимағанмен, бүгіндері 94 жасқа толатын Әжмағи аға рухымен ғана сырласуды қанағат тұтуға тура келеді.

Ленинград – бақ бұйырған берекетті де пан қала! Мұнда ақсүйекті ахуал мықтап орныққан. Әлем ғашық болған ақ түндері қандай ғажап құбылыс?! Ұлы Отан соғысы оған қарыздар. Басқаша айтсақ, бас иетін жөні бар. Германия командованиесі жаулап алушыдан қорғанушының мерейін үстем еткен Ленинград шайқасында оңбай сүрінді. 30-дан астам дивизиясы тұсқалап аттай тырп ете алмады. Айла мен айбат жағынан кеңестік әскер басшыларынан кем соқты. Халықтар достығының мызғымас беріктігін де Нева жағалауы ұқтырды.

Соғыс біткесін 12 күннен кейін дүние салған Жамбыл Жабаев аулы ұлы Алғадайынан айырылса да, Жеңіс хабарын естігенде «Енді өлсем де арман жоқ!» демеп пе еді?! Бұл – әсте саясат сәні үшін айтылған жол-жөнекейі сөз емес, тыныштық сәніне көңілі тоятпаған абыз ақсақалдың кейінгілерге қалдырған ақжарма өсиеті.

Қасық қаны қалғанша айкасып, Отан үшін от кешкен, отбасына оралмаған боздақтарды хабар-ошарсыз кеткен деп атау әділ сөз емес. Сонда кез келген әскері құрылымның бастапқы буыны бөлімшесі мен взводтағылардың әр шайқаста жараланғаны, қаза тапқаны, тұтқына түскені нақпа-нақ еселіке алынбайтын болғаны ма?! Рота, батальон, полк, дивизия бойынша мұндай мәлімет жинақтауға мән берілеуі мүмкін емес. Ондай есеп жүргізілсе де, шегініс пен шабуылдау кезінде әлдеқалай жойылып немесе қолды болуды да жоққа шығара алмаспыз. Қалайда соғыс тарихы адам тағдырынан аттамауы тиіс!

Айтып-айтпай не керек, Ленинград десе, жүрегіміз әлі күнге өрекип соғады. 1941 жылдың 10 шілдесінде құрсауға түскен кеңес әскері 1944 жылдың 27 қаңтарында қаһарман қаланың қоршауды жойғанына сүйінші салот берді. Ленинград 1945 жылдың 26 қаңтарында «Ленин» орденімен марапатталды. Сол жылғы 1 мамырда «Батыр қала» атанды. 1965 жылы «Алтын жұлдыз» медалі берілді. Осы теңдессіз атак, мәртебе Әжмағи Кемалов сынды әлденеше мыңдаған ер-жүрек жауынгер рухына да еншілес деп әспеттесек орынсыз болмас. Ортақ жеңіс ортақ мұнаоды ешқашан бөтен көрмейді.

Өкінішке қарай, Әжмағи ағаның бірде-бір фотосы сақталмаған. Өке бейнесі де тек санада сауеленеді. Бағанаға байлаулы сарғыш орам хаттарын да қасиеттей алмадық. 19 жасында Ленинград шайқасында қаза тапқан

(басқа сөзге ауыз бармайды) Әжмағи ағаның жәрдеммақсы нәпақамызды айырды. Мынау мақалаға айна қиғындай сәуле шашқан сурет осыдан елу бес жыл бұрын түсірілген. Мен ол кезде 9-сыныпта оқитынмын. Тірілігінің тұтқасы әжемнің жалғыз фотосы Әжмағи ағамды аңсағанда үнемі жанымға желеу болып тұрады. Өткен шақ пен келер шақтың кәдесіне жарағаны тектен-тек емес.

Тәуелсіздік тәлімі тіл ұшына түсірген Ұлы дала ұғымы көкірек қақпасын бірден айқара ашқанын зерделең көрдіңіз бе?! Ендеше, ой елеуіші төрелігіне тоқтаңыз. Сөздік қорымызда ұлы адамдар деген түсінік әріден бар. Саяси тіркестегі Ұлы қазан төңкерісі деген бұйрықты сөз бүгіндері келмеске кеткен. Ал, Ұлы Отан соғысы атауы көзден де, көңілден де тағзым тамшыларын мөлдіретіп сала береді. Халықтар достығы дейтін кеңқолтық ұғым да – сол сұрапыл кезеңнің жемісі.

Әлемді екі жікке бөлген, Отан дейтін ана ұғымын қалыптастырған, 1941-1945 жылдарды соғыс жылынамына айналдырған тарих сынағы әлі күнге жүректі дір еткізеді. Күйкентай ауыл Жалаңаштағы бөкене тамды бұрынғыдан да тұқшырайтып жіберген сұмдық хабар менің Әжмағи ағамды да соғыс жалмағанын 1943 жылдың қара парағына түсірді. Шер діңкелеткен өкем Кемал мен Күләш әжем оқ-дәрі иісі сінген соғыс жыртысындай майдан хаттарын кеудесіне қысумен әлдеқашан бұл пәниден озды.

Жағалау жұртшылығы арасында Әжмағи Кемаловтың болашаққа тән болмысын тамсана еске алатын аға ұрпақ өкілдері саусақпен санарлықтай. Жалаңаш жетіқылдық мектебін бітірмей жатып ауылдық кеңестің іс қағаздарына төселген ол соғыс өрті бұрқ еткенде он жетіге енді ғана іліккен-ді. Ауыл ағалары жалынды жастан үлкен үміт күткен. Майданға аттанатындар тізбегіне өзін ерте қосады.

Арғы дерек томы тапшы, саран сөйлейді. 1942 жылдың сәуірінде майдан даласын көрді. Суыт дайындық қолына винтовка ұстатып, беліне гранат байлады. 783-атқыштар полкі сапында Ленинград үшін алапат ұрысқа түсті. Аспанды ажал найзағайы торлады. Бомба солқылдатқан жер де жатсынғандай. Ыза буып, жек кернеген жауынгерлер кезекті құрбандыққа айналып жатты. Қатардағы қызыл әскер Әжмағи Кемалов осындай жігі білінбес соғыс тайталасында есепсіз ерлік мектебінен өтті. Қансыраған, қатарға қайта қосылған сәттер арасында елге сағыныш сәлемін өлеңдете жолдайтын.

Жалаңаштағылар Әжмағидың әрбір хатын жаңа шығармадай қабылдайтын. Ауылдың көрі-жасы жүзінде жас жосылта отырып, мұңды хатты маңдайына тосатын. Сөйткен сұңғыла жас 1943 жылдың 4 шілдесінде «Ленинградты қорғағаны үшін» медалін өр кеудесінде жарқыратты. Ізінше ұрыс даласында хабар-ошарсыз кеткені жайлы қаралы қағаз да жеткен. Ол кезде соғыс ақиқаты тәптіштеле қоюшы ма еді?! 900 күндік Ленинград қоршауындағы көктен де, жерден де бораған оқ пен бомба жампоздарды біртіндеп емес, жүздеп жайратып тастайтыны қазір ешкімге таң емес.

Әжмағи ағаның майдан хаттары бауырлары мен жұрағаттары үшін тәбәрік әрі тұмар іспеттес еді. Латын әрпімен жазылған жәдігер жазба менің де тілімді ұштады, сөз өнеріне еліктірді. Қынулы жиендер Көптілеу мен Мейірхан, Құлмараш пен Марал, өз төңірегім мақұлдап, айбозым тұлға Әжмағи ағаға арнап туған жерінде ескерткіш тұғыр орнаттық. Мәрмәр тақтадағы жазбаларға сіз де құлақ түріңіз, қадірлі оқырман.

«Қоштасқанда

Жалаңаштың басынан, Кете алмадым, жан жеңеше, қасыңнан!»

Жұбату жырын жұптады солай Әжмағи,

Қан майданнан жолдаған соңғы хатынан.

Жалаңаштағы Наушабай қорымының арқа бетінде әкем Кемалдың, ортада анам Күләштің бейіті, кіреберісте ағам Әжмағидің ескерткіші үш тараптан рухтасқандай әсер қалдырады. Жанарда – жас, жүрекке жыр жалары. Шағын жазбаға жалқы шумак нүкте қоютындай.

Бұйра толқын Неваны Аралындай санаған,

Ленинград ақ түнін сағынышқа балаған.

Бозбала боздақ тұтатып Жеміс ұшқынын,

Туған жер, бауыр, ауылдасын аңсаған!

Жанабай КЕМАЛ, Халықаралық «Дарабоз» әдеби бәйгесінің жүлдегері. Арал қаласы



● БӘРЕКЕЛДІ

Қызылордадағы «Тұмар» баспасынан журналист, Қазақстанның мәдениет қайраткері Тілеген Бекарыстановтың «Қоғалықолдің Құлагері» атты кітабы жарық көрді. Автордың «Қоғалықолдің Құлагері» деп отырғаны – фотожурналист, Қазақстанның құрметті журналисі Болат Омарәлиев.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»



Таспаланған тарих



Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАҒЫЙ

Кітаптың тұсаукесер рәсімінде «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Аманжол Оңғарбаев бұл аталған баспаның алғашқы коммерциялық жобасы екенін жеткізді.

– Болат ағамыз да, Тілеген ағамыз да – өмір жолы күрделі әрі көпке өнеге боларлық жандар. Қос азамат бүгін «Тұмар» баспасының жаңа жобасының алғашқы авторы және басты кейіпкері ретінде төрімізде отыр. Кітап баспа тарапының үлес қосқымыз келеді, – деді Аманжол Сақыпұлы.

Баспа нарығында ширек ғасырлық тарихы бар «Тұмар» баспасы соңғы үлгідегі технологиямен жабдықталған. «ASU» баспа үйі» ЖШС директоры Қасымхан Қыдырбаевтың айтуынша, бұл кітап өндірісін дамытуға мүмкіндік береді. Тапсырыс беруші үшін мұнда қолайлы жағдай қарастырылған. Кітапты баспаханаға жібергенге дейінгі теру, беттеу, әрлеу, өңдеу сияқты көптеген жұмыс бір жерде атқарылады.

Кітап өндірісін нарыққа бейімдеуге мүдделі баспа үйінің бұл жолғы өнімі таспаға таңбаланып, тарихқа айналған өнер иесінің ғибратты ғұмырынан сыр тартады. Сұлулықты суреттеу үшін ақын өлең жазып, жазушы қара сөзден камал тұрғызбаушы ма еді?! Ал суретші қылқаламына жүгінеді. Ағаның бойында алдыңғы екі қасиет те бар. Кітап авторы сөзінің дәлелі ретінде оның 1971 жылы 13 шілдеде облыстық «Ленин жолы» газетіне шыққан «Үміт оты» әңгімесін келтірді.

– «Самородный сары алтын» Сәбира Майқановамен, ағайынды Қожықовтармен бір топырақтан шыққан ағамыздың болмысына жоқ дегенде алтынның датын кездестіретіндей үніле түстім. Қарасаң, қауға жететін жерде емес, сүңгу керек екенін сезіндім. Терендеген сайын қазыналы мұхиттан маржан сүздім. Жазылуы

бөлек жырларға кенелдім. Жасөспірім кезінде «Өмір бөгетсіз болмайды» деген повесть жазуға талпынғанын білдім. Зейнетке шыққаннан кейін «Сыр тұнған Сырдың дидары» атты кітап жазуды жоспарлапты. Осылайша ой оранына түстім. Ағаны жалпы жұртшылық фотокорреспондент, фотожурналист ретінде біледі. Өмірі, өскен ортасы, көрген қиындығы, шығармашылық қыры туралы баспасөз беттеріндегі мақалалардан оқығаны болмаса, көлемділеу дүние кезгін күтуде екен, – деді Т.Бекарыстанов.


Кезгін күткен еңбек қолға тиді. Оның кейіпкерлері, ағаның бауырлары, әріптес інілері басқосуда ағынан жарылды. Суреттерін сұрыптауға келгенде сыншыл, жариялауға келгенде талғампаз екенін айтты. «Отандық фотожурналистиканы дамытудағы орны бір төбе» деді.

Өмірдеріне үңілсек, былай өріледі. 1948 жылы Сырдария ауданының Қоғалықол ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын аудандық «Сырдария» газетінен бастады. Одан кейінгі 45 жылы аймақтың ата басылымында өтті.

– Бала күнімнен сурет салуға құмар болдым. Мені фотоөнерге алып келген осы құмарлығым болса керек. Алғашқы фототүюім 15 жасымда облыстық «Ленин жолы» газетінде жарияланды. Ал ақындық әрқайсымызда бар. Әуеліде сурет өнерін өлеңге айналдырамын деп азапқа түстім. Бірақ дайын суреттің астына өлең жазуға болғанмен объективпен өлең жазу мүмкін емес екен, – деді Б.Омарәлиев.

Иә, ол өз орнын фотожурналистикадан тапты. «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Қазақ әдебиеті» газеттері ұйымдастырған фотоконкурстардың лауреаты атанды. Ресей, Польша, Украинада фотокөрмелері өтті. Ресейдің «Известия» газетінде, «Советское фото» журналында шығармашылық ізденістері жарияланды. 1989 жылы Мәскеуде өткен фототілшілер съезіне Қазақстан атынан қатысты. Еңбектері 20-ға жуық кітапта көрініс тапты.

Ал бүгінде Б.Омарәлиев есімі Facebook аудиториясына жақсы таныс. Өйткені, жас күнінен бері объективне ілінген талай кадрды аз-кем тарихымен қоса сонда жариялап отырады. Оған көптің ықыласы да ерекше.



Мереілі жасыңыз құтты болсын, әке. Сіз ұзақ жыл Жаңақорған ауданы «Өзгерт» шаруашылығында қызмет етіп, әлеуметтің әлеуеттік жағдайын көте-

Құттықтау Ардақты әке, арта берсін мерейің

Асыл тектен жаралған, ақыл тереңнен нәр алған, әулеттің ардақтысы, шаңырағымыздың құршы дінгегі, асқар тау әкеміз Жаркынбек Байкенжеұлы Сопбеков 80 жасқа толып отыр.

Сіздің адами болмысыңыз бен азаматтық тұлғаныз бізге, балаларыңызға әрқашан бұзылмас қағида, өшпес өнеге болып тоқылды. Бүгінде төрт ұл, бір қыздан жиырма немере, бір шөбере көріп, бақытты ата болып отырсыз.

Алла сіздің сол бақытыңызды есесін, ешқашан жамандық көрмеңіз. Ел ішіндегі абыройлы, сыйлы қалпыңызбен

ғасыр жасын жасаныз. Деніңізге саулық, жаныңызға шуақ пен қуат тілейміз. Сіз біздің адастырмас алтын қазығмызсыз, қанша жасқа келсек те сізге қарап бой түзейміз.

Талай қиын сындарды ескермеген, Сіз үшін сергек кезең сексен деген. Жүз жастың жүзін көрер бұйрық болса, Тіршілікті қиялап төске өрлеген.

Әрқашан арта берсін мерейіңіз, Кеудеңізбен кемел де кең едіңіз. Алақаннан шөпшектің суын ішіп, Алланың мейіріміне бөленіңіз.

Құттықтаушы, балалары және немерелері

● ЖЕҢІС-76

Мен сенің өміріңнің жалғасымын

Өткен өмірге бір сәт шегініс жасап, қан майданның ортасына түсіп, тағдыр тауқыметін басынан өткерген әкем Отар Асанов жайлы әңгіме қозғасам деймін.

Әкем бұрынғы Теренөзек ауданында дүниеге келіп, сол жерде өмірінің соңына дейін тұрған және ұстаз болып қызмет атқарған. Біз ағайынды бес қыз, бір ұл дүниеге келдік. Мен қыздың кенжесімін. Бала кезімде оның ерліктерің үнемі мақтаныш сезіммен айтатынымын. Тіпті, еліктеп, сол сияқты болсам деп (әкемді көрмесем де, ағамның айтқандарына қарап) армандайтынмын. Түрім ұқсағанымен, затым нәзік еді. Қалай да ұқсаймын деген мақсатпен ұстаздық жолды мен де таңдадым. Бірақ менің бұл жетістігімді әкем марқұм көре алмай кетті. Бүгінде мен жоғары оқу орнының оқытушысымын. Елуді еңсеріп қалсақ та, ата-ана үшін қашанда бала болып қала береміз ғой. Сол бір балаң шактан бергі сәбилік сағынышым әлі күнге дейін жүрегімнің түкпіріне терең ұялап қалған сияқты...

Міне, Жеңіс туының орныққанына да 76 жыл болыпты. Осынау ұлық мерекесі әкемді тағы да бір сәт есіме алып, ол кісінің соғыста көрген азабы мен тағдыр талай жайында кейінгі жас ұрпаққа бір үзік сыр айтқым келеді.


Отар Асановқа (ол кезде құжатты орысша толтырғандықтан, әкемнің атын Отар деп жазып жіберген) соғыс басталғаннан бір жылдан соң мұғалімдік қызмет атқарып жүргенде шақыру қағазы келеді де, 1942 жылдың күзінде майданға аттанамыз. Бұл кезде майдан шебінде нағыз қырғын жан алып, жан беріскен қиян-кескі ұрыс жүріп жатты.

Сол бетте Сталинград майданы 809-атқыштар полкіне

қосылады. Жаумен бетпе-бет шайқас басталады. Тарихшы мамандардың пікірінше, Екінші дүниежүзілік соғыстың шешуші кезеңіне жол ашқан Сталинград шайқасындай сұрапыл да қиян-кескі аяқас адамзат тарихында бұрын болып көрмеген екен. Сұрапыл соғыста оқ пен оттың ортасында жүрген әкем талай рет сұм ажалға да қарсы келіпті. «Елімді, туған жерімді жауға таптатаймын!» деген патриоттық сезіммен неміс әскерлерінің шабуылдарына тойтарыс беріп, бекініс шебін қорғап тұру үшін бар күш-жігерін салады. Осылайша Кеңес әскерлерінің табан тіресіп жүргізген қорғаныс ұрыстары неміс әскери қолбасшыларының Сталинградты жедел алмақшы болған жоспарын іске асыртпай тастайды.

1943 жылдың қаңтары. Алты айдан астам уақытқа созылған (1942 жылдың 17 шілдесінен 1943 жылдың 2 ақпанына дейін) Сталинград шайқасының соңғы айы. Майдан даласында қиян-кескі ұрыс жүріп жатыр. Күнімен, түнімен атыс. Немістердің үсті-үстіне атқан оқтарының зын-зың еткен даусы естіледі. Анда-санда гүрс етіп жарылған бомба мен снарядтардың да үні құлақты жарып жіберердей. Жердің астан-кестені шыққан. Бомба түскен жерлер үңірейіп-үңірейіп қалған. Әр жерде шапшылып жатқан өлі денелер, құл-талқаны шыққан соғыс техникалары... «Алга!» деп айғайлап, жауды қуып бара жатқан жауынгерлер.

Осындай шайқастардың бірі – Бесхабат селосының маңында (бұл селоның сол



кездегі атауы екен, қазір өзгеріп кетіпті) болған кескілескен ұрыста (1943 жылдың 17 қаңтары) әкем аса ауыр жарақат алады. Жанына келіп жарылған снарядтың жарықшағы сол қолын шынтағының тұсынан жұлып түседі. Шынтағынан шапшып атқылғаған қанды тоқтатпақ болып, шүберекпен байлай бастайды. Бірақ қан тоқтар емес, оның үстіне қақаған қаңтар айының қытымыр аязы.

Шынтағынан сорғалаған қан енді шокпыт-шокпыт мұзға айналып, қата бастаған. Қолының қатты ауырғаны соншалық, жанын қоярға жер таппай қиналады. Жанына қатты батқан соң, оң қолымен шынтағын мықтап ұстап, кеудесіне басады. Бір мезет көзі қарауытып, есінен айырылып қалады. Қанша жатқаны белгісіз, есін жиып, жан-жағына қараса, тірі жан жоқ. Бар күшін жиып, алға қарай жүреді. Бірақ көп қан жоғалтқандықтан, жүру қиындап, көзі қарауыта береді. Аяғын баса алмай, құлай береді. Сөйтіп бір күн бойы жапан далада жалғыз өзі қалады. Әбден қансырап, өлуге айналғанда, көз ұшында қараңдаған біреулерді көреді. Сөйтсе олар майдан даласындағы жарақат алған және өлген әскерді жинап

жүрген далалық санитарлық бөлімшенің адамдары екен. Әбден қансыраған әкем санитарлық бөлімшеге дейін еңбектеп әрең жетеді де, есінен танып қалады. Арғы жағы бұлыңғыр. Есін жиса, сол қолы шынтағынан кесіліпті, қолын әбден танып тастаған. Ал екінші қолының саусақтары жараланған қолын ұстаймын деп, қатып қалған қаннан үсіп кеткен екен. Дәрігерлер әкемнің екінші қолының саусақтарын да кесуге мәжбүр болады. Сөйтіп, майданға аяқ-қолы бүтін, сап-сау кеткен әкем айналасы 3-4 айдың ішінде елге екі қолынан да айырылып, 1 топтағы мүгедек болып ора-лады.

Әкем Сталинград майданында көрсеткен ерлігі үшін (II дәрежелі Ұлы Отан соғысы) орденімен, «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталады. Елге келгеннен кейін шәкірт тәрбиелеумен айналысқан. 1964 жылы ұзаққа созылған науқастан дүние салыпты. Дүниеден озғанда мен 1 жастан енді ғана асқан сәби екенмін. Әкем жайлы әңгімені марқұм ағамнан талай рет естігенмін (бала кезімде ағамның әкем жайлы қайта-қайта айтып бергенін қалайтынмын, тыңдай бергім келетін). Ағам айтқан әңгімелер жүрегімде жыр жолдарындай жатталып қалыпты. Бірақ мерекесінде оның оңай жолмен келмегенін әкемнің басшылар өткізген оқиғалары арқылы жеткіздім. Бұл менің жүрегімнің түкпірінде жатқан әкем жайлы бір үзік сыр еді.

Үлмекем АСАНОВА, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры.

Нұр-Сұлтан қаласы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ұйымдастыруымен 2021 жылдың 12-30 мамыр аралығында «Контрафакт» республикалық акциясы (онлайн форматта) өткізіледі. Акция шеңберінде 12-30 мамыр аралығында 2 номинация бойынша КОНКУРСҚА ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАНУДА:

1. «Қазақстанда контрафактіге жол жоқ» тақырыбында ең үздік сурет республикалық байқауы 10-15 жас аралығындағы балалар арасында. Конкурсқа қатысу туралы өтінімдер мен суреттер қағаз немесе электронды пошта арқылы 2021 жылдың 25 мамырына дейін келесі мекен-жай бойынша қабылданады: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52, 218 кабинет. Тел.: 8(7242) 23-10-08, e-mail: sh.begezhanova@adilet.gov.kz

2. «Қазақстанда контрафактіге жол жоқ» тақырыбында үздік

ұранға байқау 14 жас және одан жоғары жас санатында. Үздік ұранға конкурс талаптары:

Қатысушылар «Қазақстанда контрафактіге жол жоқ» тақырыбындағы ұранды өздерінің жеке INSTAGRAM желісінде жеке парақшаларына 2021 жылдың 30 мамырына дейін орналастырып, # Контрафактқа жол жоқ конкурс түсініктеме орналастырып, @adiletgov парақшасына белгілеу қажет.

Байқау шарттары Әділет департаментінің www.kzl.adilet.gov.kz сайтында орналастырылды.

Акция қорытындысы Нұр-Сұлтан қаласында Әділет министрлігімен 03.06.2021 жылы жарияланады, жеңімпаздар диплом және жүлделермен марапатталады.

Сіздерді «Контрафакт» акциясының конкурсына қатысуға шақырамыз!

Қызылорда облысының әділет департаменті

Конкурс өткізу жөнінде хабарландыру

«Байқоны» ӘКК» АҚ Қызылорда қаласы, Назарбаев даңғылы, нөмірсіз мекен жайында орналасқан әлеуметтік дүкенді өтеусіз пайдалануға беруге конкурс жариялайды. Конкурстың ережесін www.spk-baikonur.kz сайтынан көруге болады.



«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және

ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru